



ПАРЛАМЕНТ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДЕГРАДАЦИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚҚА ТІРЕЙДІ



Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттарының бастамасымен дайындалған бірқатар маңызды заң жобалары бірінші оқылымда талқыға түсті. Құжаттар топырақты қорғау және жол қауіпсіздігі мен цифрландыруға қатысты қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

(Жалғасы 3-бетте)

ТАЛҚЫ

ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МОДЕЛЬГЕ САЙ

Жаңа Конституцияның қабылдануына орай еліміздегі бірқатар заңға өзгерістер мен толықтырулардың енгізілетіні түсінікті. Соның бірі – «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңның жобасы.

Бұл құжаттың жобасын Парламент палаталарының бірлескен отырысында Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев таныстырды. Сонымен Ата Заң аясында Президент қызметіне, мәртебесіне қатысты не өзгермек?

Министрдің сөзіне қарағанда заң жобасы «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» конституциялық формуласына негізделген. Әрі Президент құзыретін нақтылау арқылы мемлекеттік басқарудың заманауи әрі орнықты моделін қалыптастыру көзделіп отыр. Мұнда мемлекеттік биліктің жаңартылған конституциялық архитектурасына Президенттің өкілеттігі, қызмет тетіктері жүйелі айқындалған.

Заң жобасында Президент актілеріне қатысты мәселелер реттеліп, оның ішінде Конституцияда көзделген жағдайларда заң күші бар жарлықтар шығару мүмкіндігі қарастырылып отыр. Бұл конституциялық кепілдіктерді сақтауға жол ашып, мемлекеттік басқарудың үздіксіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Конституциялық заңды қабылдау президенттік институтты одан әрі жетілдіруді, мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығын нығайтуды, саяси жаңғыртуды дамытуды және Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына сәйкес әділеттілік, заңдылық және құқық үстемдігі қағидаттарын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Заң жобасы кешенді сипатқа ие. Ол 8 тарау мен 43 бапты қамтып, құқықтық реттеуді жүйелейді.

1-тарауда Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебесі айқындалып, оның ішінде қызметке кірісу тәртібі, өкілеттік мерзімі және Президент лауазымын атқаруға байланысты шектеулер қарастырылады.

Президентті сайлау тәртібіне, ант беру мерзімдеріне, сондай-ақ өкілеттік мерзімдеріне қатысты нормалар кезектен тыс сайлау институтынан бас тартуды ескере отырып, нақтыланды. Осы орайда 2022 жылы енгізілген суперпрезиденттік басқару нысанынан бас тартуға бағытталған тұжырымдамалық қағидаттар өзгеріссіз сақталған. Яғни, Президенттің бір реттік жеті жылдық өкілеттік мерзімі, оның жақын туыстарына қатысты шектеулер және Президенттің саяси партиядан тыс болуы туралы нормалар сол қалпы қалдырылған.

2-тарауда Конституцияға сәйкес Президенттің өкілеттіктері белгіленген. Оның ішінде сыртқы және ішкі саясаттың негізгі бағыттарын айқындауға қатысты құзыреттер, Құрылтаймен, Үкіметпен және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл, сондай-ақ кадрлық мәселелер мен норма шығару функциялары айқындалған.

Алғаш рет жеке бапта Президенттің Қазақстан Халық Кеңесіне қатысты өкілеттіктері бекітілді. Олардың қатарында Кеңестің құрамын бекіту және ұйымдастырушылық инфрақұрылымды қалыптастыру мәселелері көзделген. Бұл жоғары консультативтік органның мемлекеттік басқарудың жалпы жүйесіне үйлесімді қосылуын қамтамасыз етеді.

(Жалғасы 5-бетте)

БАҒДАР

Қазақстан өз тәуелсіздігі тарихындағы ең ірі институционалдық өзгерістердің біріне қадам басып отыр. Түбірлі бетбұрыс кезеңінің басталғанын аңғартатын бұл реформалардың ауқымы Парламент палаталарының бірлескен отырысында бірінші оқылымда қаралған конституциялық заң жобаларынан байқалды. Өйткені, бұған дейінгі мұндай құжаттар жекелеген заңдарды жетілдірумен немесе өкілеттіктерді ішінара қайта бөлумен шектелсе, қазіргі өзгерістер мемлекеттік билік жүйесінің тұтас архитектурасын қайта қарауды көздейді.

БИЛІК ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ АЙҚЫНДАЛДЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен алқалы жиында депутаттар Президент туралы, Құрылтай және оның депутаттарының мәртебесі туралы, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобаларын қаралды.

«Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасы бойынша Мәжілістегі Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Айдос Сарым баяндама жасады. Депутат сөзінше бұл құжаттың мақсаты – бір палаталы Құрылтайдың конституциялық-құқықтық негізін бекіту. Ежелден халық билігінің бастауы және бұқара елдің мемлекеттік шешімдер қабылдауға тікелей қатысуына мүмкіндік беретін келелі де киелі жиын болған Құрылтай жаңарған Қазақстанда заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган ретінде жаңа мән-мағына иеленіп, қоғамдық биліктің конституциялық жүйесіне кіретін өкілді институтына айналмақ.

Конституциялық заң жобасында Құрылтайдың мемлекеттік билік жүйесіндегі орны, қызмет қағидаты, құрылымы, тәртібі және өкілеттігін жүзеге асыру нысандары айқындалды. Сонымен қатар заң шығару бастамасы құқығына ие субъектілер қатары кеңейтіліп, оған Қазақстан Халық Кеңесі

енгізілді, бұл құқық Құрылтайға тиісті шешім енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Құжатта Құрылтайдың Үкіметпен өзара іс-әрекет тәртібі, депутаттар мәртебесі, құқығы мен міндеті, оның ішінде депутаттық бірлестіктерді, парламенттік көпшілік пен оппозицияны құру қызметі, сондай-ақ депутаттық әдеп қағидалары бекітілді. Заң жобасына сәйкес, Құрылтайдың құрамы 145 депутаттан тұрып, олар пропорционалдық жүйе бойынша сайланады және өкілдік мерзімі 5 жыл болады.

Осы ретте сенатор Алтынбек Нұхұлы Үкімет қорытындыларын ұсыну мерзіміне қатысты мәселе көтерді. Оның айтуынша, қазіргі нормаға сәйкес Үкімет қорытындыларының ұсынылу мерзімі екі айға дейін белгіленген. Ал қаралып отырған конституциялық заң жобасы қабылданған жағдайда бұл мерзім үш айдан аспауға тиіс болады. Осыған байланысты депутат бұл норманың заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органдар тарапынан Үкімет қорытындыларын ұсыну мерзімін жүйелі түрде үш айға дейін созуға алып келуі, яғни қорытынды тек мерзімнің соңғы күндерінде ғана ұсынылатын жағдай қалыптасуына әкелетініне алаңдаушылық білдірді. Осы жайлы айта келіп, ол «бұл талап депутаттық сауалдарға қатысты тәжірибені қайталамай ма?» деп сауал тастады.

(Жалғасы 2-бетте)

3-БЕТ



Сауаттылық, сақтық,
сандық білім –
интернет алаяқтықтан
қорғайды

6-БЕТ



МАҢҒЫСТАУ:
стратегиялық
жобалар мен
тұрақты даму кеңістігі

8-БЕТ



ҚАРМАҚ

БАҒДАР

БИЛІК ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ АЙҚЫНДАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ ол Үкімет қорытындыларын уақытылы енгізбеген мемлекеттік органдарға қандай шара қолданылатынын да сұрады.

Үкіметтің заң жобалау жұмысын жүзеге асыратын орган басшысы ретінде Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев бұған орай заң жобасының мақсаты мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру екенін айта келіп:

– Біздің ойымызша, бұл норма мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейтеді. Егер заң жобасы қабылданатын болса, Үкімет регламентіне тиісті өзгерістер енгізіледі. Қорытындыларды уақытылы дайындамаған мемлекеттік органдар жауапкершілігі қаралатын болады. Бұл бағытта Әділет министрлігі де жүйелі жұмыс жүргізуге дайын, – деді.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин таныстырды. Жұманғариннің айтуынша, заң жобасы өткен сайлау науқаны барысында анықталған мәселелерді шешу, сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіру мақсатында әзірленді. Онда айқындалған өлшемдер бойынша әкім лауазымына үмікерлердің жинаған дауыстары тең болған жағдайда аумақтық сайлау комиссиясы бір айдың ішінде қайта дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды. Сонымен қатар бір тұлға бір мезгілде мәслихат депутаттығына және әкімдікке кандидат бола алмайды, сондай-ақ бірнеше сайлау округтері бойынша да әкімдікке кандидат болуға тыйым салынады.

Жаңа құжатта ақпараттық алаңдардағы сайлауалды үгіт мәселелеріне де ерекше назар аударылыпты. Бұл орайда «онлайн-платформаларды» пайдалану кезінде үміткерлерге үгіт материалдарын орналастыру үшін тең жағдай қамтамасыз етілмек. Мәселен, үміткер белгілі бір саяси партиядан ұсынылса, ол сол партияның ресми интернет-ресурстарын және әлеуметтік желідегі аккаунттарын қосымша келісімшартсыз пайдалана алады. Яғни, кандидат



партиялық платформаларда үгіт-насихат материалдарын жариялау мүмкіндігіне ие.

Сонымен қатар заң жобасында кандидаттар мен саяси партияларға сайлау қорларынан тыс қаражат тартуға тыйым салынып отыр. Сенім білдірілген тұлғалар институтына қатысты мәселелер реттеліп, кандидаттарды қолдау үшін қол жинау тәртібі нақтыланды. Сайлау комиссиясы мүшелеріне қойылатын талап күшейтіліп, олардың өкілеттігін уақытша тоқтата тұру тәртібі, жаңадан құрылған не қайта ұйымдастырылған әкімшілік-аумақтық бірліктердегі өкілеттік мерзімі де айқындалды.

Түзетулердің тағы бір блогы конституциялық нормаларды іске асыруды көздейді. Олардың қатарында бір палаталы Парламент – Құрылтайдың құрылуы, пропорционалды жүйеге көшуге байланысты сайлау заңнамасын жетілдіру, жекелеген лауазымды тұлғаларды тағайындау және қызметінен босату мәселелері бойынша Президент пен Құрылтай арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу, сондай-ақ жалпыхалықтық референдум өткізуге және басқа да жайттарға қатысты мәселе бар.

Заң жобасын талқылау барысында сенатор Бибігүл Жексенбай сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге байқаушылар санының шектелуіне қатысты алаңдаушылығын білдірді. Сонымен қатар журналистер тарапынан сайлау барысын онлайн трансляциялау, цифрлық мониторинг жүйелері мен заманауи бақылау құралдарын енгізу мәселесін

көтерді. Бұған қатысты уәж айтқан Орталық сайлау комиссиясы өкілінің айтуынша, заң жобасы аясында дауыс беру күні сайлау учаскелерінде сенім білдірілген тұлғалардың, халықаралық ұйымдар өкілдерінің, байқаушылар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысу тәртібін нақтылай түседі. Бұл өзгерістер сайлау процесін бақылау тетіктерін күшейтуге және комиссиялар қызметінің ашықтығын арттыруға бағытталған. Ал, журналистердің аталмыш мүмкіндігі сайлау процесінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік беретін маңызды бағыт ретінде қарастырылуда. Қазіргі заңнамалық өзгерістер халықаралық тәжірибеге сәйкес ақпаратқа қол жеткізу тетіктерін кеңейтуге бағытталған. Дегенмен әрбір ақпараттық материалдың заң талаптарына сәйкестігі уәкілетті органдар тарапынан тексерілуі тиіс.

– Егер ақпарат бұқаралық ақпарат құралдары немесе интернет платформалар арқылы таратылса, оның заңға сәйкестігі міндетті түрде тексеріледі. Бұл талап бұрыннан бар, енді ол заңнамалық деңгейде нақты бекітіліп отыр, – деді ол.

Жалпы алғанда, ұсынылып отырған өзгерістер сайлау процесінің ашықтығын арттыруға, байқаушылардың құқықтық мәртебесін нақтылауға және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы қоғамдық бақылау тетіктерін күшейтуге бағытталған.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МЕЖЕ

Мемлекеттік тілдің мерейін өсіру – міндет. Әрбір отандасымыз осы азаматтық міндетіне жауаптылықпен қараған кезде тілге қатысты мәселе туындамайды. Өкінішке орай, тәуелсіздік алғанымызға отыз жылдан асса да қазақ тілінің мәртебесін арттыруға қатысты мәселе әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Оның себебі неде?

ОТБАСЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ БЕСІГІ

Кез келген тәрбиенің, рухани өсудің, тілдік дамудың бесігі – отбасы. Бесік жырын ана тілінде тыңдап, тілі қазақша шыққан, жақындарымен қазақ тілінде түсініскен баланың мемлекеттік тілді меңгеруде қиналмайтыны түсінікті. Ұлттың тілі түзелуі үшін әр отбасы ұрпағының қазақша білім алып, қазақша ойлап, қазақша сөйлеуіне жағдай жасауы тиіс. Балабақша, мектеп, университеттерді таңдағанда да қазақ тіліне басымдық берілуі маңызды. Өз жақындарыңды қазақша сөйлете алмай тұрып, қоғамнан мемлекеттік тілге құрмет көрсетуді талап ету – абсурд.

Екіншіден, әр азамат жүрген жерінде қазақ тілінде сөйлеп, мемлекеттік қызметті де қазақша алуға дағдыланғаны жөн. Қарапайым ғана банк қосымшаларын, телефон тетіктерін пайдаланғанда мемлекеттік тілде сұраныс жасаған дұрыс. Өсіресе, мемлекеттік органдардағы жағдайдың жедел түзелуі – қоғамның қалауына, талабына байланысты. Мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік тілді білуі міндетті. Құзырлы органдарда қызмет ететін небір білікті мамандардың бірнеше тілді білетінін кейде мақтанышпен айтып жатамыз. Дегенмен, бұл жерде жастардың алдымен ана тілін білуін, содан кейін басқа тілдерді үйренуін үлгі еткеніміз орынды. Ақын Қадыр Мырза-әлі айтпақшы: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» деген тәмсіл жастардың жадында жаңғырып тұруы керек.

Үшіншіден, ел мүддесіне қызмет етіп отырған құзырлы органдардың барлығы қызметте, қоғамда мемлекеттік тілдің жанашыры, жақтаушысы болуы тиіс. Мемлекеттік мекемелердегі қызмет, сұраныс, хат, кеңес, кез келген жиын мемлекеттік тілде өтуі шарт.



Міне, осы талаптардың бәрін еліміздің соттары да мейлінше сақтап келеді. Республика соттарының қай-қайсысына барсаңыз да көрнекі жердегі хабарлама, ескертпенің бәрі мемлекеттік тілде жазылған. Арыз, шағым үлгілері қазақ тілінде сауатты түзіліп, болжамды сұрақтарға жауаптар жүйеленген. Судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеруі ғана емес, тілдік қорды үнемі жетілдіріп отыруына ұдайы көңіл бөлінеді. Дегенмен, отандық сотта да тілге байланысты түйткілдер толық шешілді деп айта алмаймыз.

Себебі сот корпусы күнделікті жұмыс істейтін заңдардың дені орыс тілінде жазылып, кейіннен аударылатыны ешкімге жасырын емес. Бүгінгі күнге дейін қабылданған заңдардың бар болғаны екеуі ғана мемлекеттік тілде жазылған. Бұл жалпы қабылданған заңдардың 0,1%-нан да төмен. Ал сот саласындағы қаралып жатқан істердің бар болғаны 29%-ы ғана мемлекеттік тілде. Қылмыстық процестік кодекстің 30-бабында, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабында, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 738-бабында Қазақстанда іс жүргізу тілі қазақ тілінде екені, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылатыны көрсетілген. Алайда құзырлы органдар мен заңгерлер, адвокаттар өздері білетін, өздері үшін жеңіл болатын орыс тілінде арыз-шағымдарды рәсімдеуге әуес. Кейде сот отырысындағы көп қазақтың дауды өзге тілде шешіп жатқанын көріп жаның ауырады. Қазақтың қазақпен аудармашы арқылы тілдесуінің өзі көңілге сыймайтын жағдай. Сондықтан, тілге деген құрметті өзімізден бастайық. Мемлекеттік тілдің ертеңі – өзімізге байланысты.

Майқұл МАМУТОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотының судьясы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

АЛИМЕНТ АТА-АНАНЫҢ ОРНЫН АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ

Ажырасу отбасы құндылығын әлсіретеді, әке мен бала, ана мен бабала арасындағы сыйластықты төмендетеді. Неке бұзудың жағымсыз салдарының көп екенін білгенімен, ерлі-зайыптылар отбасын сақтап қалуға тырыспайды. Тіпті ортақ балаларының болашағы үшін де бір-бірінің қателігін көшірмейтіндер жеткілікті. Ал ажырасудың салдары ең алдымен балаларға ауыр тиеді.



Индира БЕЙСЕБАЕВА,
Алматы облысы атқару округінің жеке сот орындаушысы

Материалдық жетіспеушілікті айтпағанның өзінде, ата-анасының екі жаққа кетуі балаларға психологиялық тұрғыдан қиын екенін рас. 2025 жылы Қазақстанда жеке сот орындаушылардың өндірісінде 354 мыңнан астам алимент өндіру туралы құжат болған. Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындау комитетінің мәліметінше алимент бойынша құжаттар

2026 жылы да азаймаған. Жыл басында алимент өндіру құжаттарының саны 295 мыңды құрады. Өкініштісі сол, алиментке қатысты берешек жылдан-жылға кемімей келеді. Оның бірінші себебі борышкерлердің ресми жұмысының жоқтығына байланысты болса, екіншісі, кейбір жауапсыз азаматтардың табыс көзін әдейі жасырып, жеке сот орындаушыларды әбігерге салуымен тамырлас.

Алиментті дер кезінде өндіру – әрбір жеке сот орындаушының басты назарында тұрған мәселе. Берешекті қайтару мақсатында жеке сот орындаушылар тарапынан ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылады. Мұндай маңызды істі тыңғылықты атқару үшін кешенді жұмыстар қолға алынады. Соның ішінде әкімдіктердің қолдауымен бос орындар жәрменкесі тұрақты түрде өткізіліп, жұмыссыз борышкерлерге көмек көрсетіледі. Бұдан бөлек, көпшілік жиі баратын қоғамдық орындарға, үлкен жолдар мен көшелердің бойына «Алимент әке болмайды», «Бала алдындағы жауаптылықты ұмытпа, ата-ана!» деген мағынадағы ескерту, ақылға шақыру сипатындағы билбордтар ілініп, алимент төлемеудің моральдық, заңдық салдарын түсіндіретін брошюра, ескертпелер таратылады.

Мысалы, еліміз бойынша 2025 жылы әкімдіктермен бірлесіп, борышкерлерді жұмысқа орналастыру үшін 645 бос жұмыс

орындары жәрменкесі ұйымдастырылған. Соның нәтижесінде 6500-ден астам алимент бойынша борышкер жұмысқа орналасты.

Жеке сот орындаушылар алимент бойынша қарызы бар адамдарға ұдайы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, берешегін қайтару үшін заң шеңберінде мәжбүрлеу шараларын қолданады. «Неке және отбасы туралы» кодексіне сәйкес, ата-аналар отбасылық жағдайына қарамастан алимент төлеуге міндетті. Дегенмен, борышкерді табу қиындық тудырады. Ажырасқаннан кейін көптеген ер адамдар балаларды тәрбиелеу анық міндеті деп санайды. Олар әдетте мекенжайын жасырып, алимент төлемеу үшін қолдан келгенін бәрін жасайды.

Қазіргі уақытта «Қорғау» жүйесі алимент төлемеген, бірақ қала ішінде еркін жүре алатындарды анықтауға көмектеседі. Бағдарлама борышкерлер көлігін бірнеше минут ішінде тіркейді, деректерді тексереді және хабарлама береді. Полиция қызметкерлері көлікті тәркілеп, айыппұл тұрағына сүйреп апаруға құқылы. Жыл басынан бері алимент бойынша борышкерлерге тиесілі 90 көлік тәркіленді. Борышкер барлық қарызды төлегенше, көлік муниципалдық тұраққа қалады. Егер борышкер төлемесе, сот көлікті аукционға шығарып, берешегін соның есебінен толтыра алады. Бұдан бөлек алиментті қасақана төлемегендерге әкімшілік, қылмыстық жауаптылық қарастырылған. Ұрпағын ойлаған, ұл-қызымен арадағы сыйластықты сақтап қалғысы келген азаматтар алиментті төлеп, өзінің ата-аналық міндетін сапалы орындауға тырысары анық. Десек те отбасылық жауаптылыққа бей-жай қарайтындар қатарының өсіп бара жатқаны алаңдатады.

ПАРЛАМЕНТ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДЕГРАДАЦИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚҚА ТІРЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Топырақ сапасын төмендеткендерге жауаптылық енгізілмек

«Топырақты қорғау туралы» заң жобасы елімізде алғаш рет топырақты жеке құқықтық реттеу объектісі ретінде қарастыруды көздейді. Құжатты отырыста қорғаған Мәжіліс депутаты, палатаның Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі Нұржан Әшімбетовтың айтуынша, қазіргі таңда Қазақстан аумағының 75 пайыздан астамы әртүрлі деңгейде деградацияға ұшырапты. Бұл тек экологиялық проблема ғана емес, сонымен қатар экономикалық тұрақтылық пен азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін фактор. Қолданыстағы жер және экологиялық кодекстер топырақты қорғау мәселесінде жүйелі тәсілді толық қамтамасыз ете алмай отыр.

Осыған байланысты жаңа заң жобасы топырақ құнарлылығын сақтау, эрозия, сортаңдану, сарқылу сияқты процестердің алдын алу және ғылыми негізделген мониторинг жүйесін енгізуді қарастырады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы алқаптарын толық цифрландыру нәтижесінде әрбір жер теліміне топырақ сапасын көрсететін цифрлық паспорт енгізу жоспарланып отыр. Бұл фермерлердің жауапкершілігін арттырып, мемлекеттік қолдау шараларын нақты деректерге негіздеуге мүмкіндік береді.

Маңызды жаңалықтың бірі – топырақ сапасының нашарлауына жол берген жер пайдаланушыларға жауапкершіліктің енгізілуі. Бұған дейін мұндай талап іс жүзінде болмаған. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, Еуропалық Одақ елдерінде және Германия, Нидерланды, Қырғызстан, Өзбекстан сияқты мемлекеттерде топырақты қорғау заңдары әлдеқашан қабылданған. Бұл Қазақстанның да осы бағыттағы саясатты күшейту қажеттігін көрсетеді.

Заң жобасы аясында ауыл шаруашылығы жерлерін бөлу тәртібіне де өзгерістер енгізілмек. Атап айтқанда, жер беру электрондық конкурстар арқылы жүзеге асырылып, жер комиссияларының қызметі тоқтатылуы мүмкін. Бұл шешім адам факторын азайтып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында қабылданды. Баяндамашының айтуынша, 2021 жылдан бері елді мекендердегі жер телімдерін электронды аукцион арқылы беру тәжірибесі өзінің тиімділігін көрсетіп үлгеріпті.

Автокөліктерге талап күшейеді

Мәжілісте қаралған тағы бір маңызды заң жобасы жол қауіпсіздігін арттыру мен жүргізушілерді даярлау жүйесін реформалауға бағытталып отыр. Бұл құжат депутаттардың қызу пікірталасын тудырды. Солардың бірі автокөлік жұмыстарына қатысты болды. Ойткені, олардың жұмысы үлкен сұрақ тудырады. Соның біріне Бақытжан Базарбек назар аударды. Депутаттың айтуынша, автокөліктер тарапынан курстан өтпесе де азаматтарға жалған куәлік беру фактілері орын алып отыр. Жол қозғалысы ережелерін бұзып, апаттар тудыратындардың дені осы «жүргізушілер» екені анықталыпты. Қазіргі таңда елімізде 700-ден астам автокөлік жұмысы істейді, алайда олардың қызметі тек хабарлама тәртібімен реттеледі. Яғни, алдын ала тексеру немесе лицензиялау талап етілмейді. Бұл жағдай оқыту сапасының әрқелкі болуымен қатар, аталған келенділіктің де етек алуына ықпал етіп отырғаны анық.

Құжат бойынша баяндама жасаған Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің хатшысы Екатерина Смышляеваның айтуынша, жаңа заң жобасы автокөліктер үшін рұқсат беру жүйесін енгізуді ұсынады. Енді оқу орындары материалдық-техникалық базасының талапқа сай екенін, оқу бағдарламаларының сапасын және дәріс беретін мамандарының біліктілігін дәлелдеуі тиіс.

Расында да бүгінде олар «хабарламалық» тәртіп бойынша жұмыс істейді. Яғни, автокөлікке рұқсат алудың қажеті жоқ. Egov порталы арқылы қызметтің басталғаны туралы хабарлама жіберу жеткілікті. Мемлекет оларды алдын ала тексермейді. Бақылау жүргізілмейді. Бұл кейбір автокөліктердегі оқыту сапасының төмендеуіне әкеліп соғуда. Сондықтан автокөліктердің қызметіне рұқсат беру тәртібі енгізіледі. Мұндай рұқсаттарды алу үшін оқу ұйымдарының жылжымайтын мүлкін пайдалану құқығын растайтын, оқу-материалдық базасын айқындайтын құжаттардың, даярлық бағдарламаларының болуы, сондай-ақ оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тізімдерін ұсыну талап етіледі.

Сонымен қатар, автокөліктердің тізілімі (реестр) құрылады, оны Ішкі істер министрлігі жүргізеді. Автокөліктердің қызметі заң талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, олар тізілімге енгізілмейді және жұмыс істеуге рұқсат етілмейді. Бұл өз кезегінде, бақылауды күшейтуге, автокөліктердегі оқу сапасын арттыруға оң әсер етеді және адал бәсекелестікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Көлік жүргізу құқығын шектейтін «диагноз» қандай?

Заң жобасы жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды автоматты түрде тіркейтін арнаулы техникалық құралдарды қолдануды көздейді. Мұндай құралдар мемлекеттік органдардың, жедел медициналық жәрдем қызметтерінің көліктеріне, сондай-ақ жолаушыларды тасымалдайтын көліктерге орнатылады. Бұл норма жол қауіпсіздігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Заң жобасындағы көзделген тағы бір талап медициналық бақылау мен деректер қауіпсіздігіне бағытталған. Мұнда жүргізушілердің денсаулығына қатысты мәліметтерді цифрлық форматта біріктіру де көзделіп отыр. Осы уақытқа дейін көлік құралдарын басқаруға тыйым салатын медициналық қарсы көрсетілімдері бар жүргізушілердің көлік құралдарын басқару құқығын тоқтату тек сот шешімі бойынша жүзеге асырылып келді. Бұл көп уақытты талап етеді және денсаулық жағдайына байланысты көлік басқаруға болмайтын адамдардың көлік жүргізуді жалғастыруына мүмкіндік береді. Ал бұл, өз кезегінде, жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Ішкі істер министрлігінің ақпаратына сәйкес, елімізде 22 600 адамның көлік құралдарын басқаруға қарсы медициналық көрсетілімдері бар. Оның ішінде 5 500 адамның жүргізуші куәлігінің күші сот шешімімен тоқтатылған. Бұл рәсімге айлар, тіпті жылдар кетуі мүмкін. Осы ретте азаматтардың нақты диагноздары берілмейді, тек денсаулық жағдайына байланысты «көлік жүргізуге болмайды» деген ақпарат қана ұсынылады. Енгізіліп отырған жаңа талап осы үрдісті барынша жолға қояды деген үміт бар.

Сонымен қатар, заң жобасы жеке деректерді қорғау мен киберқауіпсіздік мәселелерін де қамтиды. Бұл орайда деректерді маскалау, шифрлау, сондай-ақ жария болған жеке ақпараттың арнайы тізілімін енгізу көзделіпті. Жалпы алғанда, заң жобасы жүргізушілерді даярлаудың неғұрлым тиімді, ашық және басқарылатын жүйесін қалыптастырып, елдегі жол қауіпсіздігі деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Тұтастай алғанда қаралып жатқан заң жобалары – елдің экологиялық тұрақтылығы мен қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі қадам. Мәселе, құжаттарда қамтылған талаптардың толыққанды жүзеге асуында екені даусыз. Парламент депутаттары бұл бастамаларды бірінші оқылымда қолдауға шақырды. Алдағы уақытта құжаттар екінші оқылымға дайындалып, толықтырулармен пысықталатын болады.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

Интернет алаяқтық қазір көп кездесетін, сотта жиі қаралатын қылмыстың бірі. Оған Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті ұсынған статистикаға қарап та көз жеткізуге болады. Осы деректерде көрсетілгендей елімізде орын алған қылмыстардың шамамен 25 пайызын интернет алаяқтық құраған.

САУАТТЫЛЫҚ, САҚТЫҚ, САНДЫҚ БІЛІМ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚТАН ҚОРҒАЙДЫ

2026 жылдың алғашқы үш айында Қазақстанда 5300 интернет алаяқтық тіркеліп, оның тек 721-і сотқа жолданған екен. Мұның өзі қылмыстар көп тіркелгенімен, құқық қорғау органдары тарапынан қылмысты ашу көрсеткішінің әлі де төмен екенін айғақтайды.

Интернет алаяқтардан келетін залалдың мөлшері де орасан. Өкініштісі қылмыскерлерге алданғандардың тек төрттен бірі ғана қаржысын қайтаруға қол жеткізеді. Ал шекарадан тыс жерден құйтырқы әрекеттерін жасап, жаңа заман технологиясын жетік меңгерген алаяқтардың ізіне түсу күрделі болып отыр.

Ақпараттық жүйелер арқылы алаяқтық жасап, қаржы ұрлағандарға қатысты істер Қылмыстық кодекстің 190-бабы бойынша қаралады. Тәжірибеден көріп отырғанымыздай интернет алаяқтықтың жолдары мен тәсілдері белгілі. Жеңіл табыс тапқысы келгендер пайдаланатын негізгі схемалар қоғамға жақсы таныс. Соның ішінде банк карталарын пайдалана отырып жасалған алаяқтық, жалған интернет-дүкендерді құру, жалған инвестициялық жобаларға қатысу арқылы ақша қымқыру, құзырлы орган өкілдері ретінде қонырау шалып, азаматтардың жеке деректеріне қол жеткізу арқылы шоттағы қаржысын иемдену жиі кездеседі. Ішкі істер министрлігі күмәнді қоныраулар туралы деректер түсіп, күдікті сайттарды көргенде бірден әрекет етіп, бұғаттайды. Алайда,



Н.НҰРЛАНҰЛЫ,
Алматы қаласы
Алматы аудандық соты
әкімшісінің басшысы

жетістіктерге ілесе алмай жатқанын мойындағанымыз жөн. Сәйкесінше интернет алаяқтыққа тосқауыл қою жұмыстары құқықтық жауаптылықты білуге, қылмыскерлер ұсынған схемалар мен әдіс-тәсілдерден қорғандық тетіктеріне, және ең бастысы цифрлық білімді жетілдіруге бағытталуы тиіс.

Халық, әлі күнге дейін құжатқа өте бейқам, немкетті қарайды. Жеке басына қатысты деректері бөтен адамдарға берудің, қауіпті екенін айналасынан естіп, біліп жүрсе де тыйымға құлақ аспайды. Соның кесірінен жеке куәлікке, банк шоттарына қатысты мәліметтері оңай қолға түсірген алаяқтар бөтен адамның атынан сыйтай несие рәсімдері, шотындағы қаржыны оңай олжалап жүр. Яғни, мұндағы қылмыскерлер қолданылатын негізгі фактор ақшаның қолжетімділігіне емес, киберсауаттылықтың, жетіспеушілігіне бағытталғанын байқауға болады.

осындай тегеурінді жұмыстар жүргізілгеніне қарамастан цифрлық қылмыстың ауқымы әлі де төмендемей келеді.

Интернет алаяқтықтың азаймауының бірнеше себебі бар. Ең алдымен азаматтардың құқықтық, қаржылық сауаты жоғары емес. Құқық қорғау органдары мен сот тарапынан интернет алаяқтықтың алдын алуға қатысты түсіндірме, сақтандыру жұмыстарының күнделікті жүргізілгеніне қарамастан, азаматтар сақтық шараларын ескере бермейді. Ақпараттық, құқықтық түсіндіру шараларынан судьялар мен сот қызметкерлері де шет қалмаған. Әріптестеріміз интернет алаяқтық үшін белгіленетін заңдық жауаптылық туралы жан-жақты айтып, сотта қаралған алаяқтық, интернет алаяқтық істер жөнінде толымды ақпарат беруді дәстүрге айналдырған.

Екіншіден, халық әлі күнге дейін құжатқа өте бейқам, немкетті қарайды. Жеке басына қатысты деректерді бөтен адамдарға берудің қауіпті екенін айналасынан естіп, біліп жүрсе де тыйымға құлақ аспайды. Соның кесірінен жеке куәлікке, банк шоттарына қатысты мәліметтерді оңай қолға түсірген алаяқтар бөтен адамның атынан сырттай несие рәсімдері, шотындағы қаржыны оңай олжалап жүр. Яғни, мұндағы қылмыскерлер қолданылатын негізгі фактор ақшаның қолжетімділігіне емес, киберсауаттылықтың жетіспеушілігіне бағытталғанын байқауға болады.

Үшіншіден, сенімділік пен жеңіл табысқа деген құмарлықтың соңы да көп жағдайда азаматтарды интернет алаяқтардың құрбанына айналдырады. Интернет дүкендердегі тауардың арзандығы, қызметтердің қолжетімділігі кейде сақтықты ұмыттырып, қаржыны өзіне беймәлім шоттарға аударуға ықпал етіп жатады. Әсіресе, арзан бағада шетелге турларды сатып алатындар жалт-жұлт еткен жарнаманың артында алаяқтар тұрғанын біле бермейді.

Сондықтан халықтың сандық және қаржылық сауаттылығын көтеру ешқашан назардан тыс қалмауы керек. Әрине, азаматтардың бәрі сауатының төмендігінен алданды деу қате тұжырым. Айталық халықтың бүгінгі дамуы қазіргі технологиялық

Кейінгі жылдары жаңа технология мен жасанды интеллект жетістіктерін меңгеру, интернет алаяқтық үшін қылмыстық жауаптылықты көтеруге көңіл бөлінуде. Тіпті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі бұл мәселенің өзекті екенін атап өтіп, биылғы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Осы бағытта үлкен ізденістер жасап, цифрлық қылмыстарға тыйым салудың механизмдерін жетілдіруді тапсырды.

Интернет алаяқтық азайтуда заңдық тетіктерді күшейтудің көмегі көп екені таласыз. Мысалы Қылмыстық кодекске енгізілген жаңа өзгерістерге сай дропперлерге жаза белгіленді. Әрекеттердің ауырлығына, сипатына және алынған пайданың мөлшеріне байланысты Қылмыстық кодекстің 232-1-бабында дропперлік үшін айыппұлдан бастап мүлкін тәркілеу мен жеті жылға аса бостандығынан айыруға дейінгі жаза қарастырылған. Осы қылмыстық жазаның енгізілуінің өзі банк карточкасы мен шоттар арқылы күмәнді қаржыны аударуға, қолма-қол шығаруға көмектесетін азаматтардың заңсыз әрекетіне тосқауыл қояды деп сенеміз.

Бұған қоса бізде жеке деректерге жауаптылықпен қарау мәдениетін қалыптастыру аса маңызды. Себебі интернет алаяқтықтың көбеюіне дербес деректердің дұрыс қорғалуы, еркін қарауы айтарлықтай әсер етуде. 2013 жылы қабылданған «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңда жеке деректерді алу, жинау, өңдеу, сақтау, пайдаланудың заңдық тетіктері белгіленген. Алайда, жеке деректерді таратуға байланысты заңсыз әрекеттерге қоғамның әлі де болса жеңіл қарайтыны байқалады. Бұл дұрыс емес. Сондықтан азаматтардың жеке деректерін қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарын сақтамағандарға әкімшілік айыппұлдарды ұлғайту өте дұрыс, орынды қадам болар еді. Сондай-ақ жеке деректерді таратқандардың жазасын күшейтіп, қылмыстық жауапкершілікке тарту да интернет алаяқтыққа тыйым салатын тәсілдің бірі болмақ.

Түптеп келгенде қаржылық және құқықтық сауаттылықты арттыру, цифрлық білімді көтеріп, сақтық шараларын назарда ұстау интернет алаяқтықтан қорғайды.



САРАП

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Әлем әдебиетінде жеке басына қадір іздеп дүниеде ғиззат, сый, құрмет алмақ үшін қажыөке, молдәөке, сопөке, мырзәөке, батыреке, жомартеке, мықтыөке, биеке, білгіш, қу, сұм атанамын деп, сол майданда өзімен серіктес, сырластарынан бәрекедді дегенді күткен талап қылушыларды суреттеген жалғыз біздің Абай емес-тің.

АБАЙ СӨЗІ - ТАТЫМДЫ, ТОЛЫҚ БИЛІК ТЕОРИЯСЫ



Марат АЗБАНБАЕВ,
ардагер судья

дырлап сөйлегенін түсінудің қиындығы. Оның өзінен кітаптары әлдеқайда түсінікті. Мұқанов дұрыс айтқан, Марр еңбегі ерінбей оқыған кісіге түсінікті, тым қиын емес.

Марр ақсақал еңбегінде армян халқының көне әдеби тілінде «al-d» – оң деген ұғымды білдіретін болса, латындық «ars» сөзінің түбірі «ar» қол мағынасын беретінін айта келе жалпы мәдениетте «оң қол» адамға ерік-жігер, қуат беруші қол болып есептелетініне тоқталады.

Марр айтқан оң қолдың ерік-жігер, қайраттың символы екендігін Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңіндегі сөздері де дәлелдейді: «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқын».

Қазақтың өз қолынан өз ырқы қашан, қай ел басы, топ басылардың жетесіздігінен кетті, оны деп басып қазір ешбір тарихшы айта алмас. Қай жоғалған қуат: «ал, мен жоғалдым» деп хабар беріп жоғалады?!?

Шынының сөзін айтып Шоқан шыққанда көп заман ескерусіз қалған рух қуатын жоғалтқан қазақ ұлты жер бетінен халық ретінде жойылып кетуге шақ қалған еді.

1864 жылдың ақпан айында Шоқан империялық биліктің қазақ даласына енгізбек жат сот реформасының қауіп-қатерін анық көре біліп айтқаны: «Мнѣиѣя султановѣ и бievѣ еще менѣе заслуживают уваженія, ибо интересъ цѣлой націи, по строгой справедливости, долженъ предпочитаться выгодамъ отдѣльнаго сословія. Вообще вопросы о реформахъ требуютъ большой осторожности и глубокихъ соображеній, ибо отъ нихъ зависитъ народное – «быть или не быть».

Шоқан «Быть или не быть» сөз тіркесін Гамлеттің монологиясындағы «To be, or not to be» сөзінен алып отырғаны есте әсіре қызықшылық емес, Омбы мен Петербордың ұлысыған чиновниктеріне қазақ ұлтының қыл үстінде тұрған ауыр халін белгілі, бейнелі оймен жеткізу болатын.

Бар болу, әлде жоғалу. Ғадалетті ғалым Шоканның айтуынша сот реформасы әркімге қатысы бар іс, халықтың бар әлеуметтік тобының мақсат, мүддесі ескерілетін әділет ісі. Жеке бір әлеуметтік топтың пайдасынан гөрі, ұлттық мүддені жоғары қойып, татымды толық билік шығаратын жалғыз институт халық соты дейді.

Істің басы – ретін танымдық. Марр айтқандай әркімнің бойында жасырын, мүлгіп үнсіз жатқан қайратты ашықтыққа алып шығушы оң қолға қайтып оралайық. Көне славян тіліндегі оң қолды бейнелейтін «десница», «деснь» сөздері «правый, справедливый, прямой» мағынасында қолданылған. Бұл сөздердің «дес» түбірін Абайдан табамыз «Өзім де басқа шауып, төске өрледім, қазаққа кара сөзге дес бермедім». Айтқан билігі түзу, рас, шын, адамшылыққа сай болған соң Төбе басы би болған.

Реформа жасайтын жанға әділет ісінің алды-артын байқарлық білім, ғылым керек. Абай қолданысындағы «aldy», «arty» дегеніңіз өсіп-өнуді білдіреді. Алла тағала адам баласын өссін, өнсің деп жаратқан. Өсіп, өну дегеніміз тіршілікте болу ғылымы. Абай «Артық ғылым – кітапта» деп бекер айтпаған.

Ғалым Құдайберген Жұбановтың еңбектерінде «Айт» – аузыңды сөйлет деген мағына беретіндігі жайында дерек бар. Бұрын қазақ «Айды» деп айтатын. Мұндағы «ды» ертеректегі «болу», бар болу мағынасындағы «ф» еді.

Чосер әңгімесіндегі «Альдерман» мен қазақ ертегілеріндегі «Алдар көсе» болу, бар болу мақсатында барын ортаға салу қағидасын ұстанған алды адамдар.

Тіл төресі Н.Маррдың дерегі бойынша «bar» сөзінің бір мағынасы – адамзаттың бәрі өз бауырың. Абай Маррды нақтылай түседі: «Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шынымен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтесің».

Бұл жолды Абай қазақтың ел басы, топ басына арнап отыр, қазақ та адам баласы ғой, өз халқыңды жетесіздіктің құрбаны қыла көрмендерші, барыңды ортаға сала біліңдерші.

Барыңды салу – қазаққа қорғансыздың күйін кешкізбеу. Қазақтың қажетін, мұң-мұқтажын сезе білу. Қазақты басқадан анығырақ сезетін ғаделетті артық адам бол.

Барыңды салу – қолы таза, адамшылығы толық еркін қазақ азаматы ретінде бар болу! Бұл – әр қазақтың қолынан келетін әділет ісі.

Қазақтың соңғы Төбе биі, ауыздыға сөз бермеген, аузыға дес бермеген Абайдың ақыл сөзі – сот ғылымы. Абай сөзі – татымды, толық билік теориясы.

Қазақтың бас ақыны Абайдан ертерек XIV ғасырдағы ағылшын поэзиясының атасы атанған Джеффри Чосердің (Geoffrey Chaucers) «Кентербер әңгімелері» (The Canterbury Tales) өлеңдерінде елдегі әртүрлі қолөнер гильдиялардың басшылары Лондон Ситиде (City of London) билік етуші бай, күшті альдермандар қатарына енуге талаптанған, олардың бұл ниеттерінің іске асуын құдай қосқан жұбайлары да қолдап отырған.

Тұманды Альбион еліндегі Гилдхоллдат азаматтық қоғамның ұзақ мерзімді экономикалық табыс пен әлеуметтік әл-ауқаттың айқындалушы альдермандардың тарихи атауы әр елдің жазу-сызуында («aldorman»), («ealdor» түрінде берілген, мән-мағыналары да әркілі сияқты – өмір, көне, байырғы заман, қария, көсем).

Біз болсақ альдермандар қызметінің негізін ғалым В.А.Аврориннің ноғай тіліндегі би бірлігіне берген анықтамасына сай тергер едік. Аврорин айтады: «Шынында да, нанай тілі бұрынғы, өтіп кеткен шақты «етістіктің» жаңа және өткен шақ формаларымен өткен шақтық көмекші «етістік» би « болу, бар болу, өмір сүру, тұру» сияқты тұлғасымен әртүрлі қилысуынан (комбинация) тұрады».

Соныменен, арғы аңыз альдермандар билігі – әркімнің адам болып өмір сүру құқығының іс жүзінде жүзеге асуын қамтамасыз етуші қуат. Альдерман термині Чосердің әңгімесіне де өткен өмірдің тілдік қорынан келіп енгендіктен, оларға шыққан тегі басқа, қазақ тіліне кірме, жат деп қарауға болмас.

Жалпы тіл тарихын зерттеуде Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген қағидасын ұстансақ, Чосер кейіпкерінің есім-сойы қазаққа тым алыс та болып шықпайды. Чосердің Альдерманын қазақшаласақ алыс замандар әңгімесінен белгілі ертегілік Алдар көсе аты бой көрсетеді. Ертегілердің кейіпкері Алдар көсенің адамзат тарихында атқарған қызметінің мән-мағынасын Абай тілінде сөйлетсек келесідей анықтама шықпақ – татымды толық билік.

Биліктің де өзіне тән құқығы бар. Билік болмысы да өз бойынан өсіп, ону жолында, түп негізіне толассыз қайтып оралып отыру процесінде өзіне тең қолартық, таңдамалы, текті, толымды, әділет ісінің алды-артын байқарлық білімді артық кісіні қалайды.

Біз ендігі кезекте ақылды еркіне жіберіп тіл маманы Н.Я.Маррдың «Тіл тарихының негізгі сұрақтары» атты еңбегі арқылы Альдерман мен Алдар көсені азаматтық қоғамдағы татымды толық билігінің таза өкілдері екендігін растап берелік.

Бұл ғалым Марр туралы біздің Сәбең, кәдімгі Сәбит Мұқанов XX ғасырдың 30-жылдары Мәскеудегі Қызыл профессорлар институтының әдебиет бөлімінде оқып жүрген кезінде «Есею жылдары» еңбегінде біраз естелік қалдырған.

Марр, – дейді Сәбең, – тіл ғылымының теңізі сияқты адам. Марр жетпіс-сексен тілде сөйлесе алған, біразын жетік білген. Ғалымдығы сонша зор Марр табиғатындағы бір кемшілік – был-

АЛАТАУ - ЕҢ ЖҰМЫС КҮШІ КӨП АУДАН

Қазақстандағы 3 қала мен 17 облыстың ішінде Алматы қаласы тұрғындар саны жағынан бірінші орында тұр. Ұлттық статистика бюросының есебі бойынша былтыр өліміздегі жұмыс күші немесе экономикалық тұрғыдан белсенді 9,3 млн адамның 1,7 миллионын алматылықтар құрады.

Алматыда жұмыс күшінің саны жағынан Алатау (196,7 мың) мен Бостандық (184,7 мың) аудандары өзгелерден айтарлықтай алда болса, Наурызбай (109,5 мың) мен Жетісу (103,6 мың) аудандары ең соңғы орындарға жайғасқан. Алайда бұл жағдай алдағы он жылда өзгеруі мүмкін. Өйткені статистикаға көз жүгіртсек Алматыдағы экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 2015–2025 жылдары 889,6 мыңнан 1,1 млн адамға өскенін байқауға болады. Мұнда ең жоғары өсім Наурызбай (47,9-дан 109,5 мыңға), ең төмені Бостандық (176,4-тен 184,7 мыңға) ауданында тіркелді. Яғни, 10 жыл бұрын Бостандық ауданы жұмыс күші жағынан бірінші орында тұрса, қазір екінші орынға сырғыған.

Ал он жыл бұрын 105,7 тұрғынымен алтыншы орында тұрған Алатау ауданы былтыр бірінші орынға көтерілді. Сол себепті қаланың бұрыннан келе жатқан аудандарының жұмыс күшінің өсімі болашақта Алма-

тының ең жас аудандары саналатын Наурызбай мен Алатаудың қарқынына ілесе алмауы мүмкін. Бұған ондағы жаңадан салынып жатқан көпқабатты жаңа тұрғын-үй құрылысының жоғары өсімі өз ықпалын тигізетін болады.

Былтыр қаладағы 1,7 млн экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 1,1 миллионы жұмыспен қамтылды. Сондай-ақ жалдамалы қызметкерлер саны 985,5 мың адамды, өз бетімен жұмыспен қамтылғандар саны 135,4 мың адамды, жұмыссыздар саны 52,6 мың адамды құрап, жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайыз болды.

Осы арада жұмыспен қамтылу мәртебесі мен өндірістік бірлік типтері бойынша жұмыспен қамтылушылардың құрылымына арнайы тоқтала кеткен жөн шығар. Жұмыспен қамтылған 1,1 млн адамның ресми жұмыспен қамтылғаны 1 млн-нан асса, бейресми жұмыспен қамтылғаны 36 383 адамды құраған. Бейресми жұмыспен қамтылғандардың

2362-сі бейресми сектордағы кәсіпорындардың, 467-сі үй шаруашылығындағы ақы төленетін қызметкерлер болып отыр.

Жұмыссыздық деңгейі Медеу (4,8%), Алатау, Түрксіб (4,7%) аудандарында қаладағы орташа көрсеткіштен жоғары екенін байқауға болады. Ал Наурызбай (3,8%), Әуезов (4,3%), Бостандық, Жетісу (4,4%) аудандарында жұмыссыздық қаладағы орташа көрсеткіштен төмен болып отыр.

Осы арада жұмыс күші құрамына кірмейтін, яғни экономикалық тұрғыдан әрекетсіз, еңжар адамдардың санына да кеңірек тоқтала кеткен жөн шығар. Олардың саны 2025 жылы Алматыда 536,4 мыңды құраған. Бір таңғаларлығы жұмыс күші құрамына кірмейтіндер саны экономикалық тұрғыдан белсенді халық санымен байланысты емес екен. Мәселен, жұмыс күші саны жағынан қалада үшінші орын алатын Әуезов (172,2 мың) ауданы жұмыс күші құрамына кірмейтіндер саны (92,2 мың) жағынан ең алдыңғы орында тұр. 184,7 мың жұмыс күші бар Бостандық ауданы (80,5 мың) екінші, 139 мың жұмыс күші бар Алматы (75,1 мың) ауданы үшінші орынға жайғасқан.

Енді жастар жұмыссыздығының (15-34) деңгейіне көз жүгіртсе Алматада бұл 4,1 пайызды құрауда. Аудандар арасында бұл жағынан ең төменгі көрсеткіш Алматы (3,4 пайыз) мен Түрксіб (3,9 пайыз) аудандарында, ең жоғарғысы Наурызбай (4,7 пайыз) мен Жетісу (4,5 пайыз) аудандарының үлесіне тиіп отыр.

Е.ЕРЖАНУЛЫ,
«Заң газеті»



БАҚЫЛАУ

ЖОЛАУШЫ ҚАУІПСІЗДІГІ ҮШІН ЖАҢА ТАЛАП

Қазақстанда такси қызметіне қатысты бақылау күшейтілді. Ұлттық экономика министрлігі такси тасымалдаушылардың хабарлама беру ережесіне өзгеріс енгізді. Енді тасымалдаушы такси қызметін бастама бұрын жергілікті атқарушы органға хабарлама жіберуге міндетті. Сонымен қатар, жаңартылған нысанда көлік құралы ауыстырылғанда және жаңадан көлік қосылғанда, яғни автопаркті жаңарту кезінде өзгеріс енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

Бұрынғы тәртіп бойынша, тасымалдаушы белгілі бір көлік құралына байланып отыр. Жол-көлік оқиғасы кезінде жолаушыларға немесе үшінші тұлғаға зиян келтірілген жағдайда жауапты адамды анықтауды қиындататын. Осыған байланысты хабарлама нысаны көлік құралының маркасын, мемлекеттік тіркеу нөмірін және шығарылған жылын көрсететін мәліметпен толықтырылды. Бұл шара жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігіне жауапты такси тасымалдаушысын жедел сәйкестендіруге, сондай-ақ нарыққа заңсыз қатысушылардың үлесін қысқартуға мүмкіндік береді, – деп хабарлады Экономика министрлігінің баспасөз қызметі.

Жалпы, статистикада көрсетілгендей қоғамдық көлік Қазақстандағы негізгі тасымалдау көзі

болып табылады. Бүгінде ірі қалаларда автопаркті жаңартуға баса назар аударылууда. Автобустар мен метроны қоса алғанда, Алматыдағы қоғамдық көлік жыл сайын миллиардтаған жолаушыны тасымалдайды. Қаладағы жолаушы тасымалы тәулігіне шамамен 1,9 миллионды құрап отыр. Мұнда тұрғындардың 70%-ы қоғамдық көлікті пайдаланатынын айта кеткен орынды.

Алматыда метро мен 150-ден астам бағытқа қызмет көрсететін 21 автобус паркі бар. Автопарктер жыл сайын жаңартылғанына қарамастан, елдегі автобустардың 70%-ға жуығы 10 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылған. Осының салдарынан оқис оқиға, апаттар көп. Мәселен, 2025 жылы Алматыда қоғамдық көліктердің қатысуымен 460-тан астам апат тіркелген. Мұның барлығы жолаушылар қауіпсіздігіне жіті көңіл бөлуі қажет етеді. Сәйкесінше көлік, жолдарды жаңартумен бірге, жүргізушілерге қойылатын талапты да күшейткен дұрыс. Бүгінгі өзгерістің де негізгі мақсаты осы.

Ведомствада атап өткендей, өзгерістер «Мемлекеттік органдардың хабарламалар нысанына және хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы» Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрыққа енгізілді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ТАЛҚЫ

ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МОДЕЛЬГЕ САЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты Президенттің өкілеттіктерін реттейтін жеке норма енгізіліп отыр. Президент Конституцияға сәйкес омбудсменді тағайындайды және оның жыл сайынғы баяндамасын тыңдайды. Бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың институционалды кепілдіктерін күшейтеді.

Заң жобасының негізгі новелласы – конституциялық деңгейде енгізілген жаңа институт – Қазақстан Республикасының Вице-Президентін іске асыру болып табылады. Ол мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығын арттыруға және жоғары билік органдарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

3-тарауда Вице-Президентті тағайындау тәртібі белгіленді – оны Құрылтайдың келісімімен Президент тағайындайтын болады. Бұл ретте кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары нақты айқындалған. Сонымен бірге оның өкілеттігін тоқтату негіздері, жоғары лауазымды тұлға мәртебесіне ұқсас шектеулер қарастырылады.

Вице-Президенттің негізгі функциясы – Президенттің тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Президент атынан өкілдік ету. Сонымен қатар Вице-Президенттің өкілеттіктерін егжей-тегжейлі реттеу Президенттің актілері негізінде жүзеге асырылатын болады. Бұл құқықтық реттеудің икемділігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік басқарудың практикалық міндеттеріне бейімделуге мүмкіндік береді. Вице-Президенттің қызметін Мемлекет басшысының Әкімшілігі қамтамасыз етеді.

Кеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Президент атынан өкілдік ету. Сонымен қатар Вице-Президенттің өкілеттіктерін егжей-тегжейлі реттеу Президенттің актілері негізінде жүзеге асырылатын болады. Бұл құқықтық реттеудің икемділігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік басқарудың практикалық міндеттеріне бейімделуге мүмкіндік береді. Вице-Президенттің қызметін Мемлекет басшысының Әкімшілігі қамтамасыз етеді.

Конституциялық заң жобасында Президент актілері мәселелеріне ерекше назар аударылған. 4-тарауда Конституцияда көзделген жағдайларда (Құрылтай өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, оның уақытша болмауы кезеңінде) конституциялық заң не заң күші бар жарлықтар шығару мүмкіндігі қарастырылған. Бұл конституциялық шектеулерді сақтай отырып, мемлекеттік басқарудың жеделдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

5-тарауда ұсынылып отырған өзгерістер жоғары мемлекеттік биліктің институционалды тұрақтылығын және мемлекеттік басқару жүйесінің тұтастай үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Одан әрі 6 және 7-тараулар Президент қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

ету және экс-Президенттердің мәртебесіне қатысты мәселелерді реттейді. Олардың нормалары жаңа Конституцияға сәйкес нақтыланып, сәйкестендірілген.

Жалпы алғанда, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң жобасы:

Біріншіден, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын институционалды тұрғыда бекітуді қамтамасыз етеді.

Екіншіден, жоғары мемлекеттік билік органының тиімділігі мен орнықтылығын арттырып, Президенттің тұрақтылық кепілі ретіндегі үйлестіруші рөлін нығайтады.

Үшіншіден, Президент өкілеттіктерінің конституциялық институттармен, оның ішінде жаңадан қайта құрылатын институттармен жүйелі өзара байланысын күшейтеді.

Төртіншіден, Вице-Президент институтын енгізу арқылы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіреді.

Бесіншіден, қолданыстағы заңнаманы билік тармақтарының өзара іс-қимылының жаңа конституциялық моделіне сәйкес одан әрі жетілдіруге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Бұл модельге сәйкес Қазақстан Республикасы – әділеттілік, заңдылық және адамға бағдарланған қағидаттарға негізделген мемлекет. Ал оның ең жоғары құндылықтары – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституциялық заңның қабылдануы – Президент институтын мемлекетіміздің жаңартылған конституциялық моделіне сәйкес одан әрі жетілдіруге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Бұл модельге сәйкес Қазақстан Республикасы – әділеттілік, заңдылық және адамға бағдарланған қағидаттарға негізделген мемлекет. Ал оның ең жоғары құндылықтары – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

БІЛГЕН ЖӨН

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауында алаяқтықтың көбеюіне қатысты алаңдаушылық білдірді. Соған сәйкес барлық уәкілетті органдарға адал ниетті азаматтар алаяқтықтан зардап шекпеуі керектігін ескертіп, құқық бұзушылықтармен күресу үшін нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

ДРОППЕРЛЕР КЕЛТІРГЕН ШЫҒЫН ҚАЙТАРЫЛАДЫ



Расында елімізде киберқылмыскерлер ұрлаған ақша қаражаттарын аудару үшін делдал ретінде пайдаланылатын дропперлерге қатысты істердің сотқа қаралуы жиілеп кетті. Өйткені көп жағдайда алаяқтарды анықтау мүмкін болмағандықтан, қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылады. Сондықтан жәбірленушілер өздеріне тиесілі ақшалай қаражаттарды дропперлерден азаматтық іс жүргізу тәртібінде өндіру үшін талап-арызбен сотқа жүгінеді.

Банк шотына, төлем немесе сәйкестендіру құралдарына заңсыз қол жеткізу, оны беру немесе алу, сондай-ақ заңсыз төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру, оның ішінде материалдық сыйақы алу үшін үшінші тұлғаларға банк картасын беру әрекеттері дропперлік болып табылады. Бұл әрекет интернет-алаықтықтың негізгі әдістерінің бірі және ұрланған қаражатты қолма-қол ақшаға айналдыру мен шығару үшін қолданылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (АК) 953-бабына сәйкес заңдармен немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның есебінен иеленіп алған немесе жинаған тұлға, осы кодекстің 960-бабында көзделген жағдайлардан басқа ретте, негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті алдыңғысына қайтаруға міндетті. Мүлік иеленіп алынған немесе жинақталған деген негіз кейіннен жоққа шыққанда да, осы баптың 1-тармағында белгіленген міндет туындайды.

Негізсіз байлық міндеттемелерінің түсінігі

АК-ның 953-960-баптарымен реттеледі және қолдану саласында олардың пайда болу негіздері мен мазмұны ерекшеліктері бойынша міндеттеменің дербес түрі болып табылады. Жауапкерде негізсіз баюдың пайда болуын және оны өндіру негіздерінің болуын дәлелдеу ауыртпалығы талап қоюшыға жүктеледі. Сондықтан талап қоюшы өзінің арыз-намағалық қылмыстық іс бойынша өзін жәбірленуші ретінде тану туралы қаулыны, екінші дәрежедегі банктегі есеп-шотының үзіндісін және басқа дәлелдемелерді ұсынуы қажет.

Көпшілік жағдайда талап қоюшы өзінің өрескел абайсыздығы мен салғырттығы салдарынан белгісіз тұлғалардың нұсқауы бойынша несие рәсімдеп, түскен ақшаны жауапкердің есепшотына аударды және істің осы мән-жайлары қылмыстық іс құжаттарымен расталуы тиіс. Сәйкесінше сот жауапкерден талап қоюшының пайдасына өндіруге жататын негізсіз баю сомасын өндіру туралы шешім қабылдайды.

2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Қылмыстық кодекске дропперлік үшін жауапкершілікті қарастыратын жаңа 232-1-бабы енгізілді. Іс-әрекеттің ауырлығына, сипатына және алынған пайда мөлшеріне қарай 232-1-бап айыппұлдан бастап, мүлікті тәркілей отырып 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қолдануды көздейді. Аталған норма кибералаықтыққа қарсы жүйелі күресті, азаматтардың қаржылық қауіпсіздігін нығайтуды және цифрлық ортада әрекет ететін қылмыстық топтардың қызметін тоқтатуды мақсат етеді.

Осы орайда айта кетерлігі 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап жәбірленушілердің өзіне дропперлікпен келтірілген материалдық шығынды қылмыстық іс аясында азаматтық талап қою арқылы өндіріп алуына болады.

Адилжан АҚТАНОВ,
Зайсан аудандық сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

ТАЛАП БОЛМАЙ ТІЛ ДАМЫМАЙДЫ

Туған тілдің қазіргі жағдайы әлі алаңдатады. Тәуелсіздікке қол жеткізсек те, қазақ тілі әлі де өзге тілдің көлеңкесінде қалып келеді. Мемлекеттік тілдің өз дәрежесінде қолданылмауының басты салдары оның кеңсе, сот, басқару тіліне айналмай отырғандығында.

«Тіл туралы» заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп жазылған. Заңның осы талабы әлі күнге орындалмай отыр. Қазақ тілінің аса қажеттілігі болмағандықтан, жастар арасында да тілімізді жетік меңгеруге деген құлшыныс азғайып кетіп отыр. Өйткені магистратураға түсу үшін, не ірі компанияға қызметке түру үшін ағылшын тілін білу талабы қойылады. Сондықтан да қазақ тілін білу талабын қатайту қажет.

Мемлекеттік тілдің мерейін көтеруге зиялы қауым, әсіресе мемлекеттік қызметкерлер атсалысып, өз істерімен сүбелі үлес қосуы керек. Ресми шаралардың барлығы мемлекеттік тілде жүргізіліп, тілге деген қызығушылықты арттыруға мемлекеттің өзі мүдделі болуы шарт. Мемлекеттік қызмет көрсету саласы қазақ тілінде іс жүргізуге көшкенімен, орын алар олқылықтар да жетерлік. Көптеген мемлекеттік мекемелерде орыс тілінде түскен ақпарат нысандары қабылданады, ал қазақ тіліндегі ақпараттың орысша нұсқауы қоса сұратылады. Мемлекеттік тілді құрметтеуден туындайтын мұндай жағдайлар орын ала берсе, тілдің мәртебесіне сызат түсері сөзсіз. Ұлттық терминологияны дамыту, аударманың сапасын жақсарту, тілді үйрететін ортақ баламалы әдістерді дайындау – кезек күттірмес өзекті мәселелер.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қазақ тілі болғанымен, сот ісін жүргізу тәжірибесінде істердің едәуір бөлігі орыс тілінде қаралатыны байқалады. Бұл мәселе мемлекеттік тілдің сот саласындағы қолданысын кеңейту қажеттігін айқын көрсетеді және құқықтық жүйедегі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

Сотқа қаралатын істердің орыс тілінде жүргізілуінің бірнеше себебі бар. Ең алдымен, құқықтық құжаттардың, заңнамалық материалдардың және құқықтық терминологияның едәуір бөлігі тарихи тұрғыдан орыс тілінде қалыптасқан. Көптеген азаматтар мен заң саласы қызметкерлері өз жұмысында орыс тілін жиі қолданатындықтан, сотқа берілетін талап-арыздар мен басқа да құжаттар көбінесе орыс тілінде дайындалады. Сонымен қатар, кейбір өңірлерде халықтың бір бөлігі қазақ тілін толық меңгермегендіктен, істерді орыс тілінде жүргізу тәжірибесі сақталып отыр.

Алайда сот ісін жүргізу үшін басым бөлігінің орыс тілінде жүргізілуі мемлекеттік тілдің мәртебесіне әсер етуі мүмкін. Мемлекеттік тілдің сот жүйесінде кеңінен қолданылуы – заң үстемдігін қамтамасыз етудің, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттырудың және ұлттық бірегейлікті нығайтудың маңызды шарты. Сондықтан сот жүйесінде қазақ тілінің қолданылуы үлесін арттыру – уақыт талабына сай маңызды міндеттердің бірі.

Бұл мәселені шешу үшін бірнеше бағытта жү-



мыстар жүргізу қажет. Біріншіден, сот жүйесінде жұмыс істейтін судьялар мен қызметкерлердің мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеруін қамтамасыз ету маңызды. Екіншіден, құқықтық терминологияны қазақ тілінде біріздендіріп, заңнамалық құжаттардың сапалы қазақша нұсқаларын жетілдіру қажет. Үшіншіден, азаматтарды талап-арыздар мен өзге де құжаттарды мемлекеттік тілде дайындауға ынталандыру тетіктерін дамыту қажет.

Сонымен қатар, ақпараттық технологиялардың дамуы мемлекеттік тілдің сот саласында қолданылуын арттыруға мүмкіндік береді. Электрондық

сот жүйелерінде құжат үлгілерін қазақ тілінде ұсыну, автоматты аударма және тілдік көмек құралдарын енгізу сот ісін мемлекеттік тілде жүргізуді жеңілдетеді.

Мемлекеттік тілдің сот жүйесінде кеңінен қолданылуы құқықтық мемлекетті дамытуға, азаматтардың құқықтарын толық әрі түсінікті қорғауға және қоғамдағы тілдік тепе-теңдікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Руслан ДЕМЕУОВ,
Ақжайық ауданы №2 сотының судьясы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ӨЛКЕ ТЫНЫСЫ

Бір кездері тек маң-маң басқан түйелер мен шағыл бұқмдар ғана аласұрып көшіп жататын көрінісімен көз алдымызға елестейтін Маңғыстау облысының келешегі жарқын. Соңғы жылдары бұл аймақ Қазақстанның экономикалық, логистикалық және инвестициялық әлеуеті жоғары өңірлерінің біріне айналып келеді.

МАҢҒЫСТАУ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР МЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕҢІСТІГІ



Мемлекет басшысы айқындаған өңірлік дамудың жаңа парадигмасы аясында да облыста инфрақұрылымды жаңғырту, өндірістік қуаттарды арттыру, оның ішінде туризм мен көлік логистикасын дамыту, әлеуметтік саланың сапасын көтеру бағытындағы ауқымды жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып отыр. 2026 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында тұрақты оң динамика қалыптасқанын көрсетіп берген. Бұл – мемлекеттік саясаттың тиімділігі мен ұзақмерзімді стратегиялық жоспарлардың нәтижелі іске асып жатқанын айғақтай түседі.

Иә, расында да бүгінде Маңғыстау тек мұнайлы аймақ ғана емес, сонымен қатар халықаралық көлік дәліздерінің, инвестициялық жобалардың, туризм мен өнеркәсіптің ірі орталығына айналу жолында нық қадам жасап келеді. Бұған өңірдің географиялық орналасуы, Каспий теңізіне шығу мүмкіндігі, транзиттік әлеуеті мен табиғи ресурстары ұлттық экономикадағы маңызын мейлінше арттыра түскен.

Инвестициялық белсенділік – экономикалық өсудің басты тетігі

Облыс әкімдігі ұсынған деректерге қарағанда орта мерзімді кезеңде, яғни алдағы алты жыл ішінде облыста жалпы инвестиция көлемі 7 трлн теңгенден асатын 73 инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ. Бұл еліміздің инвестициялық картасындағы Маңғыстаудың стратегиялық рөлін айқындайтын аса маңызды көрсеткіш болары сөзсіз.

Өңірдегі ең ірі бастаманың бірі – түркиялық «YDA Holding» компаниясының қатысуымен Ақтау халықаралық әуежайы базасында мультимодальды логистикалық және авиациялық хаб құру жобасы болып отыр. Аталған бастама іске асқан жағдайда жолаушылар ағыны жылына 2,5 миллион адамға дейін, ал жүк тасымалының көлемі 100 мың тоннаға дейін ұлғаймақ. Бұл тек әуежай инфрақұрылымын кеңейту ғана емес, Каспий маңы өңіріндегі халықаралық логистикалық торап қалыптастыруға бағытталған стратегиялық қадам екенін атап өткен жөн. Нысанды толық пайдалануға беру 2030 жылға жоспарланыпты.

Аймақта өнеркәсіп саласында да ауқымды жобалар қолға алынған. Соның бірі – жылына 1,1 миллион тонна өнім өндіретін аммиак-карбамид кешенінің құрылысы. Ірі химия өндірісінің іске қосылуы экспорттық әлеуетті арттырып, өңір экономикасының құрылымын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Жобаның әлеуметтік әсері де айтарлықтай өскен. Мәселен, құрылыс кезеңінде 1500 адам жұмыспен қамтылса, кәсіпорын толық іске қосылғаннан кейін 700 тұрақты жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Жобаны жүзеге асыру мерзімі 2026–2030 жылдарға белгіленген. Іргелі жобалардың жүзеге асырылуымен қатар өңірдің

экономикасына тың серпін беру мақсатында инвестициялық жобаларға да көбірек назар аударылып жатқанын облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай да атап өтті.

– Инвестициялық тартымдылықты арттыру бағытында «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының қызмет ету мерзімін 2053 жылға дейін ұзартып, аумағының 10 мың гектарға дейін кеңейтуі де маңызды шешім болды. Бұл шешім өңірде жаңа өндірістер мен халықаралық серіктестерді тартуға жол ашады. Биылдың өзінде жалпы құны 21,3 млрд теңгені құрайтын үш инвестициялық жобаны іске қосу және 120-ға жуық жұмыс орнын құру жоспарланып отыр, – дейді облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай.

Көлік және инженерлік инфрақұрылымдағы мүмкіндіктер кезеңі

Өңір экономикасының тұрақты дамуы көлік және инженерлік инфрақұрылымның сапасына да тікелей байланысты. Осы бағытта Ақтау қаласында жеке инвестиция есебінен заманауи автовокзал мен коммуналдық нарық құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Бұл нысандар қала тұрғындарына қолайлы орта қалыптастырумен қатар, шағын және орта бизнестің дамуына да оң ықпалын тигізбек.

– Қазіргі уақытта энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту аясында қуаты 160 МВт болатын бу-газ қондырғысының құрылысы жалғасуда. Оны 2027 жылы пайдалануға беру жоспарланған. Жаңа энергетикалық нысан өңірдің электр қуатына деген сұранысты толығымен қамтамасыз етіп, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның тұрақты жұмысын қолдауға қауқарлы. Бұл орайда теміржол инфрақұрылымын дамыту да күн тәртібіндегі аса маңызды мәселенің біріне айналғаны рас. «Маңғыстау», «Бейнеу» және «Шетпе» теміржол вокзалдары жаңғыртылып, қоғамдық көлік паркі кезең-кезеңімен жаңартылуда. Бұл тұрғындардың көлікке қолжетімділігін арттырып, өңіраралық байланысты нығайтуға мүмкіндік бермек, – деп атап өтті облыс әкімі.

Туризм – өңір экономикасының драйвері

Маңғыстау бүгінде Қазақстандағы туризмді дамытуға ең қолайлы өңірдің бірі ретінде қарастырылып отыр. Каспий жағалауы, бірегей табиғи ландшафттар, тарихи-мәдени ескерткіштер мен сакралды орындар өңірдің туристік әлеуетін айтарлықтай күшейте түседі.

Оған дәлел тек соңғы бес жыл ішінде ғана Ақтау әуежайының жолаушылар ағыны 70 пайызға артып, 1,7 миллион адамға жеткен. Қазіргі таңда облыс шетелдік туристерді қабылдау көрсеткіші бойынша республикада үздік үштікті түйіндеп тұр. Облыс әкімдігінің мәліметіне қарағанда биыл туристер санын 560 мың адамға дейін

жеткізу және салаға 38,9 млрд теңге инвестиция тарту көзделген.

Дертке дауа, жанға шипа болатын Маңғыстаудың туристік әлеуеті бүгінде жаңа тыныс алып келеді. Каспий жағалауы мен табиғаттың тылсым келбетін тоғыстырған өңірде туризм саласын дамытуға бағытталған стратегиялық жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Солардың ең

бөлінуде. Білім беру саласында жаңа балабақшалар ашылып, мектепке дейінгі тәрбиемен қамту деңгейі 97,5 пайызға жеткен. 2026 жылдың басынан бері 1495 орындық 15 балабақша пайдалануға берілсе, олардың қатарында Сайын Шапағатов ауылындағы 100 орындық «Айша Ана» балабақшасы да бар. Облыстық білім басқармасының дерегіне жаңадан ашылған білім беру

Жылына 100 мың шақыртуға дейін қызмет көрсетуге есептелген кешенде бірыңғай диспетчерлік қызмет, оқу-практикалық және симуляциялық орталықтар, сондай-ақ 20 санитарлық автокөлікке арналған жылы гараж қарастырылған. Бұл – Астанадан кейінгі елдегі екінші бірегей медициналық нысан.

Өңірдің медицина ұйымдары 53 жаңа автокөлікпен толықтырылды. Перинаталдық орталыққа алғаш рет шала туған нәрестелердің көру қабілетін сақтауға арналған жоғары технологиялық операциялар «АЛОД-01» лазерлік аппараты арқылы жүргізіле бастады.

Қазіргі уақытта 350 орындық бала-

ауқымдысы – Кендірлі курорттық аймағында бой көтеріп жатқан жаңа әуежай. Жылына 1,3 миллион жолаушыға қызмет көрсетуге қауқарлы әуе аймағы Маңғыстауды халықаралық туризмнің маңызды тораптарының біріне айналдыруға жол ашпақ. Нысанды 2026 жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған. Ал 2029 жылға дейін өңірде 17 туристік жобаны іске асыру көзделіп отыр.

Ал, табиғаттың үнсіз шежіресіндей болған Бозжыра шатқалы – Маңғыстаудың ғана емес, тұтас қазақ даласының қайталанбас жауһарларының бірі. Ақтасты шырдары көкпен тілдескен, уақыт бедері қатпарланған осы ғажайып мекенде салынатын визит-орталық өңір туризмінің жаңа тынысын айқындайтын маңызды нысан болмақ. Бұл жоба ішкі және сыртқы туризмді дамытуға тың серпін беріп қоймай, Маңғыстаудың әлем саяхатшылары қызыға көз



Каспий жағалауы, бірегей табиғи ландшафттар, тарихи-мәдени ескерткіштер мен сакралды орындар өңірдің туристік әлеуетін айтарлықтай күшейтеді. Оған дәлел тек соңғы бес жыл ішінде ғана Ақтау әуежайының жолаушылар ағыны 70 пайызға артып, 1,7 миллион адамға жеткен. Қазіргі таңда облыс шетелдік туристерді қабылдау көрсеткіші бойынша республикада үздік үштікті түйіндеп тұр. Облыс әкімдігінің мәліметіне қарағанда биыл туристер санын 560 мың адамға дейін жеткізу және салаға 38,9 млрд теңге инвестиция тарту көзделген.

тігетін халықаралық туристік бағыт ретіндегі беделін арттыра түсетіні сөзсіз.

Өңірдегі санаторий-курорттық инфрақұрылым да айтарлықтай кеңейіп келе жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, 150 орындық термалды кешен салу және Ақтаудағы қолданыстағы санаторийді 480 орынға дейін ұлғайту жобалары жүзеге асырылуда. Бұл бастамалар медициналық және сауықтыру туризмінің дамуына жол ашады.

Экономиканы әртараптандыру: жаңа өндірістер мен аграрлық серпін

Маңғыстауда экономикалық өсудің жаңа нүктелерін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар белсенді түрде жалғасуда. Соның ішінде балық шаруашылығы кластерін дамытуға басма мән беріліп отыр. Өңірде албырт және бекіре тұқымдас балықтарды өсіру бойынша жаңа жобалар жүзеге асырылуда. Мамандардың айтуынша бекіре популяциясына зиян келтірмей қара ұылдырық өндірудің инновациялық технологиялары енгізіліп, өнімді Еуропа мен Таяу Шығыс елдеріне экспорттау көзделген.

Сондай-ақ, Түпқараған ауданында жылына 100 тоннаға дейін балық өндіретін және 10 тоннаға дейін қара ұылдырық өндіретін заманауи кешеннің құрылысы жүргізілуде. Бұл жобалар азық-түлік өндірісін кеңейтіп қоймай, экспорттық бағыттағы жоғары технологиялы өндірістердің қалыптасуына оң ықпал етпек.

Балықпен қатар өңірдегі табысты кәсіптің біріне айналған агроөнеркәсіп кешенінде де жаңа бастамалар бар. Мәселен, аймақта тыңнан түрен соғып кәсіптен нәсібін тапқан шаруашылықтардың бірі құрғақ түйе сүтін өндіретін цех іске қосылып, азғантай уақыт аралығында өнім Қытай мен Біріккен Араб Әмірліктеріне экспорттала бастаған. Бұл – өңірдің дәстүрлі шаруашылығын заманауи технологиямен ұштастырудың жарқын мысалы.

Әлеуметтік сала: адам капиталға басымдық

Маңғыстауда әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға да ерекше көңіл

нысандары білім беру саласындағы бірқатар түйткілді оң шешуге ықпал еткен.

Жаңаөзен қаласында 350 орындық «Оқушылар сарайының» ашылуы балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау мақсатында «Айнала» оңалту орталығы іске қосылды.

Осындай іргелі жобалардың арқасында аймақта білім сапасы да артып, мемлекеттік грант иегерлерінің саны 9 пайызға жоғарылап, 3549-ға жетті. «Study in Kazakhstan» халықаралық көрмесіне 59 жоғары оқу орнының қатысуы өңірдің білім беру саласындағы белсенділігін айғақтай түседі.

Маңғыстаулық оқушылар республикалық және халықаралық деңгейдегі білім сайыстарында жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Облыс командасы республикалық олимпиадада бірінші орын иеленсе, «Білім-инновация» лицейінің «Spark» командасы Болгарияда өткен халықаралық робототехника чемпионатында қола медаль жеңіп алған. Биыл өңір мектептерінің 10030 түлек тәмамдайды. Оның ішінде 367 түлек «Алтын белгіге», 635 оқушы үздік аттестатқа үміткер болып отыр.

Заманауи медицинаның деңгейі жоғары

Өңірде медициналық инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы жұмыстар да жүйелі түрде жалғасып келеді. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Ақтауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша, Бас прокуратура қайтарған активтер есебінен және Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен салынған жедел әрі шұғыл медициналық көмек станциясының жаңа ғимараты пайдалануға берілді.

P.S. Маңғыстау облысында жүзеге асырылып жатқан стратегиялық жобалар өңір экономикасын жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған. Инфрақұрылымды жаңғырту, өндіріс пен туризмді дамыту, көлік-логистикалық әлеуетті арттыру, әлеуметтік саланы күшейту – мұның бәрі өңірдің ұзақмерзімді тұрақты дамуына негіз қалайды. Бүгінде Маңғыстау Қазақстанның батыс қақпасы ғана емес, халықаралық сауда мен инвестицияның, өндіріс пен туризмнің маңызды орталығына айналып келеді. Жүйелі әрі кезең-кезеңімен іске асырылып жатқан жобалар облыстың инвестициялық тартымдылығын күшейтіп, оның ұлттық және халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсетіні сөзсіз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



ЖҮК ТАСЫМАЛЫНДА АЛТЫНКӨЛ-ҚОРҒАС ТОРАБЫНЫҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ

Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында: «Әлемде құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 16 пайыздан астамы контейнермен жіберіледі. Бірақ елімізде оның үлесі әлі де төмен – небәрі 7 пайызға жуық. Үкімет контейнермен жүк тасымалдау ісін жандандыруға арналған арнайы бағдарлама қабылдауы қажет. Онда мультимодальді бағыттарды дамытатын пәрменді шаралар да қарастырылуға тиіс», – деген еді.

2025 жылы Ақтау портында контейнерлік хап құрылысы аяқталып, еліміздегі темір жол көлігі арқылы жүк тасымалдау көлемі 320 млн тоннаға жетті. 2024 жылмен салыстарғанда мұндағы өсім 5,5 пайызды құрады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының мәліметі бойынша, биыл алғашқы тоқсанда Қазақстан мен Қытай арасындағы теміржол тасымалы 9,3 пайызға, ал Қытайдан Қазақстан аумағы өтетін жүк тасымалы 27 пайызға ұлғайған. Қытаймен қатынаста транзиттік жүктердің көлемі 8 пайызға өсіп отыр. Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша биыл алғашқы

тоқсанда Қытайдан 125 контейнерлік пойыз өткен. Бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 34,4 пайызға жоғары.

Осы арада еліміздегі экспорт-импорт және транзиттік жүк тасымалының едеуір бөлігі Жетісу облысындағы Алтынкөл-Қорғас торабы арқылы жүзеге асырылып жатқанын айта кету керек. Мәселен, былтыр Қазақстан мен Қытай арасында Алтынкөл-Қорғас торабы арқылы 16,1 миллион тоннадан астам жүк тасымалданған. Бұл Темір жол ынтымақтастығы ұйымы аясында келісілген жоспардан 9 пайызға жоғары.



«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының есебі бойынша, Алтынкөл-Қорғас торабы арқылы 2025 жылы Орталық Азия мен Еуропа елдеріне 3589 контейнерлік пойыз өткен.

Көлік министрлігінің мәліметі бойынша, енді бұл тораптың өткізу қабілеті 2 есеге дейін өспек. Бұл үшін Алтынкөл-Жетіген учаскесінде ұзындығы 32 шақырымды құрайтын аралықта екінші жолдардың құрылысы, сондай-ақ 5 жаңа және 8 қолданыстағы айырықты дамыту жұмыстары жүргізілуде. Бұл желінің өткізу қабілетін тәулігіне 18 жұп пойыздан 33 жұп по-

өте зор. Өйткені онда еліміздің экспорттық-импорттық жүктерінен бөлек, Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзиттік жүк контейнерлерін түсіру-жұмыстары мен оларды сұрыптайтын, сақтайтын арнайы логистикалық орталықтарға қатысты түрлі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда.

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы бас директорының міндетін атқарушы Шығыс Мақашевтің айтуынша, мұнда өнеркәсіптік өндіріс пен көлік логистикасын дамытуға бағытталған 68 инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Мысалы, KTZE Khorgos Gateway Құрғак портын кеңейту жұмыстары аяқталды. Онда 2 жол жаңартылып, 8 қосымша жол салынды. Нәтижесінде терминалдың қуаты жылына 540 мыңнан 800 мың контейнерге дейін яғни, бір жарым есеге артты. Ал «Nomade Invest» ЖШС «Қорғас-Шығыс қақпасы» теміржол инфрақұрылымын құру жөніндегі жобаны іске асыруды жоспарлап отыр. Осы арада Германияның «Skyhansa» компаниясымен бірлесіп жүзеге асырып жатқан халықаралық әуежай құрылысын да айта кеткен артық болмас. Ол қолданысқа берілген кезде 50 мың тонна жүк тасымалдауға мүмкіндік беретін болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

2. «Fashion Industry Astana» ЖШС (БСН 160240033143) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, 010020, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 48-үй, т.е.б.4. Тел. +7 701 570 41 22.

3. «NAFTEX ENERGY» (НАФТЕКС ЭНЕРЖИ) ЖШС (БСН 100540016420) (ҚР, Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі, 46-үй), өзінің таратылатынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, 050057, Алматы қаласы, Манас көшесі, 75, 15-пәтер, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 701 100 39 66.

7. «Самал 93» ЖШС (БСН 160140021047) (Ақтау қаласы, 17 шағынауданы, 10-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 17 шағынауданы, 8/1 құрылыс. Тел. +7 702 215 14 15.

11. Ұлытау облысының білім басқармасының «Түзеу мекемесінің жанындағы №1 колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 230840017159) (ҚР, 100600, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Промышленная Зона аумағы, 147-ғимарат), 2026 жылғы 4 мамырдағы №42/01 Ұлытау облысы әкімдігінің қаулысы негізінде өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Алаша даңғылы, 1-ғимарат, 303-кабинет. Тарату комиссиясы. Тел. 8 705 223 34 51.

15. «Silkway IT Academy» ЖШС (БСН 231240013503) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 1-ғимарат, тел. 87712789012.

ӘРТҮРЛІ

4. «Shadiyar Group LTD» ЖШС (БСН 240940028189) өзінің «Shadiyar Group kurylys» ЖШС-не (БСН 200240034111) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе қаласы, Алтын Орда шағынауданы, 5Д үй, н.п. 4. Тел. 8 705 820 28 57.

5. «Shadiyar Group kurylys» ЖШС (БСН 200240034111), өзіне «Shadiyar Group LTD» ЖШС-іне (БСН 240940028189) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе қаласы, Алтын Орда шағынауданы, 5Д үй, н.п. 4. Тел. 8 705 820 28 57.

8. «Grand Beton Group» ЖШС серіктестігі 2026 жылғы 6 мамырдағы жалпы жиналысында Серіктестіктің жарғылық капиталына азайту туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес, серіктестік кредиторлары хабарлама алған немесе хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай ішінде серіктестіктен қосымша кепілдіктерді талап етуге немесе серіктестіктің тиісті міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтатуды немесе орындауды және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

12. «Detskiy sad «Koktobe» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұйымы (БСН 170840021708) «PRIVATE SCHOOL «КОКТОБЕ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұйымымен (БСН 100940018510) бірігу арқылы қайта құрылатынын хабарлайды. Талап-арыздар мына мекенжай бойынша қабылданады: 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Көктөбе шағынауданы, Найманбаева көшесі, 95-үй. Тел. +7 777 330 90 90.

16. «FlagmanPay» ЖШС (БСН 220640044701) жарғылық капиталды 100 000 000 (жүз миллион) теңгеге азайтып, оны 150 010 000 (жүз елу миллион он мың) теңге көлемінде белгілегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 271А, 3-қабат.

МҰРАГЕРЛІК

6. 25.11.2025 ж. қайтыс болған Шакиров Калдыбай Салимовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г. Д. Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С. Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

9. 22.06.2025 ж. қайтыс болған Төребеков Алтынбектің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

10. 2026 жылы 20 сәуірде қайтыс болған Аяпбергенов Талғат Алтаевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ж.С. Абуоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Астана қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 37-үй, т.е.ж.192. Тел. 8 701 743 23 68.

13. 2026 жылы 15 сәуірде қайтыс болған Балқан Руслан Бархатовичтің (23.09.1967 ж.т.) артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.Е. Уайсоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 101 А, 4 қабат, 401-кабинет. Тел. 87012377037 хабарласуларын сұраймыз.

Алматы қалалық сотының басшылығы, Алматы қаласы бойынша Сот әкімшілігі департаменті мен Судьялар одағының Алматы қалалық филиалы, Алматы қалалық сотының судьясы Мәлік-Тегі Бақыт Мәлікұлына, оның жақындары мен туыстарына аяулы анасы

Жисенбайқызы Дамештің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылу саңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖОҒАЛТУ

14. «Нұр-Элит» жеке кәсіпкерлігіне тіркелген, ИИН 730122401228. Касса аппараты тұрған жер: Атырау қаласы, Алмағұл ықшамауданы, 19-үй. Тіркеу карточкасы нөмірі 151000132364. «ОКА МФ Kzonline» кассалық аппараты. Зауыт нөмірі: 000000035028. Шыққан жылы – 2018, жоғалғаны жөнінде хабарландыру береміз.

18. ПБН Компаниясының Алматыдағы филиалының, БСН 991141005660, 1999 жылғы 18 қарашадағы Филиал туралы ережесі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтоқын 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 8774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 8705442939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемераша көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА

Көктемнің таңғы ауасы қандай жазап. Астананың алты ай қыс қар құрауында жататын тал-теректері де бүршік жарып, айнала да құлпыра түскен. Адам көңілін әдемі бір әсерге бөлейтін шақ. Бөртегүлдің иісі де танауды қытықтап, көзінді қуантады.

Жаттығу жасап тұрған Абылай терен тыныстады. Үйінің ауласындағы атшаптырым алаңды жеңіл жүгіріспен он рет айналып шығып, дене қыздыратын арнайы жаттығулар жасауды әдетке айналдырғалы біраз жыл болған. Қазір елорданың аулаларында оған қажетті темір-теректің бәрі бар. Бұл Абылайға жақсы болды. Бала кезден айналысып, күрестен үлкен жетістіктерге жетуі де осы спорттың арқасы. Жұмыста да арнайы органдар арасындағы жарыстардан жиі топ жарады. Оны айтасыз, екі рет ел чемпионы атанып, басшыларының алғысына, әріптестерінің қошеметіне бөленген-ді. Демек, жаттығу адам тәнінің ажырамас бөлшегіндей бойға сіңу керек деген сенімі бар. Жасы қырықтан асып кетсе де, ұйқысынан ерте тұрып жүгіріп келмесе күні бойы елегізіп, құнды дүниесін жоғалтып алған адамдай алаңдап жүретіні сондықтан. Кейде келіншегі Айшаны да қоярда-қоймай оятып, жүгіруге ертіп шығатыны бар.

– Айша, дәрігер емессің бе? Мен емес, бізді өзін ертіп шығып жаттығу жасауың керек.

– Абылай, мен балаларға таңғы ас әзірлеймін. Еркеназдың шашын өремін. Сабаққа барады ғой.

– Түк етпейді. Қырық минут жаттығу қайтайық.

Айша кейде еріп шыққанымен, көп жағдайда үйде қалады. Демалыс күндері студент болған қос құлыны Медғат пен Қасымды, мектеп жасындағы кенжесі Еркеназды да жүгіртіп, жаттығу жасауға ертіп шығады. Айналада оған қолайлы сабақтар да жеткілікті. Абылайдың отбасы үшін бұл жылдың төрт мезгілінде де дәстүрге айналып кеткен бұлжымас дағды. Мұны көршілері де, туыстары мен жолдастары да жақсы біледі. Әрі үлгі ретінде бір-біріне әңгіме қылады. Ортасына сыйлы, пенде айналасына жақсылық жасауға жаны құмар азаматты кім жек көрсін? Қарт ата-анасына да қарайласып, бәріне уақыт тауып зыр қағып жүргені. Әуелі әкесі Әзімханның ақылы әсер етті. Ол кісі осы ұлының полиция қызметкері болуын қалаған. Анасы да әрдайым ешкімнің ала жібін аттама, қиянат жасама дегенді құлағына құюдан жалыққан емес.

Жаттығуды аяқтап үйіне қарай аяндап келе жатқан Абылайдың көзіне сонадайда кетіп бара жатқан бір топ ит түсті. Сабалақ жүнді, бұралқы сары канден топ бастапты. Тектері де түсініксіз өздерінің. Арлы-бері жөнкіліп осылар не істеп жүреді екен? Қазір қаңғыбас иттерді ұйықтатып құрту қажет деген заң шығып, қоғам пікірі де екіге бөлініп жатқанын жаңалықтардан естіген. Жануарларды қорғау ұйымдары дабыл қағыпты. Дұрыс та шығар? Бірақ балалар мен қарттарға жүгіріп, көшеде талап жатқаны қауіп емес пе? Құтырған болса ше? Ал енді ешкімге зияны болмаса ұйықтатпай-ақ, айдалаға апарып тастамай ма? Әлде оқшаулап ұстайтын арнайы жерлер ашса. Ойын телефонына келіп түскен хабарлама бөліп жіберді. Абылайдың кәсіби әдеті телефон үніне күні-түні шақ.

Ватсабына хабарлама қол астындағы сержант Мақсат Құлжановтан келіпті. Әрбір ірі істі дереу өзіме жеткізіп отыр деген талапшылдығынан да телефонына күні-түні тыным жоқ. Қалалық Ішкі істер басқармасының Тергеу бөлімінің басшысы ретінде тағайындалғанына да көп бола қоймаған кез.

– Жолдас полковник, таңғы алтылар шамасында Гете көшесіндегі жер үйлердің біріне ұры түскен. Үйдегі екі әй-



ҚАРМАҚ

елді пышақпен қорқытып, бес миллион теңге болатын алтын бұйымдары мен бір миллион теңге шамасындағы ақшаны алып кетіпті. Оқиға орнында жүрмін. Жәбірленушілер мен көршілерден жауап алып жатырмыз, – депті.

Үйіне асығыс басып келді де, жуынып-шайынып, таңғы асын апыл-ғұпыл ішіп оқиға орнына аттанды. Үйдің ауласында жүрген әріптестері бірден бойларын тіктеп, киімдерін түзеп әбігерленді де қалды. Түтін будақтатып тұрғандары дереу темекілерін тастап үлгерген. Өйткені полковник Абылай Қайсеновтың темекі шегетіндерге жаны қас екенін жақсы біледі.

– Жап-жас болып, денсаулықтарыңды өз қолдарыңмен құртуға әуессіңдер. Үйдегі келіндер темекі шеккендерің үшін жанына жолатпай қойса көрер едім, – деп әзілдеген болды. Алайда дауысында әзілден гөрі зіл басымдық еді.

Сержант Құлжанов бастығының жанына келіп, көршілерден жауап алынғанын, ешкім ешкімді көрмедік деп айтқандарын, тіпті айналада бақылау камераларының жоқ екенін тәптіштеп баяндап берді.

Абылай қабағын түйіп, айналасына қарады.

– Күдіктілердің бет-әлпеті, үстіне киген киімдері қандай екенін анықтаңдар ма?

– Иә жолдас полковник. Жәбірленушілердің айтуынша қара спорттық киімдегі екі жігіт келген. Аяқтарындағы крассовкалары да қара түсті. Беттерін шаңғы тебетіндердің маскасымен бүркеп алыпты. Қолдарына қара былғары қолғап киген екен. Шамамен бойларының ұзындығы 165-168 см болады. Дауыстарынан 30-35 жас аралығындағы адамдар деген болжам бар.

– Қызық екен. Жәбірленушілерден өзін жауап аламын. Тонаушылар қолғап киген болса саусақ іздері де жоқ депші. Аяқ киім іздерін тексермедіңдер ме?

– Тексердік, жолдас Қайсенов. Жер құрғақ болғандықтан, ештеңе анықталмады.

– Жақсы. Жұмысқа барайық. Жәбірленушілердің арызын алып, істі тіркеген соң маған алып кел.

– Күп болады.

Абылай жұмысқа келер жолда күдіктілердің ол параметрге бақылау камераларының жоқтығын, таңға жуық ел ұйқыда жататынын толық есептегенін де ойлады. Кімдер болуы мүмкін?

Кеңсеге келгенің соң астындағы қызметкерлерді шақыртып шұғыл жиналыс өткізді.

– Жігіттер, сол аудандағы ғана емес, қала бойынша архивті көтеріп, бұрын осыған ұқсас қылмыспен сотталып шыққандарды толық тексеру қажет. Сосын ұрланған бұйымдардың тізімін

жасап, қандай дүниелер екенін нақтылап алыңдар. Қаладағы ломбардтар мен зергерлік дүкендерді де тіпті шыққандарың дұрыс.

Тергеу бөліміндегі «оперлар» сен тұр, мен атайын дейтіндей кәнігі полицейлер болатын. Қайсенов берген тапсырманы өзара бөліп алып, іске кіріскен.

Кабинетте жалғыз қалған Абылай терезеден сыртқа көз тастап біраз ойлап тұрып қалды. Орнына жайғасқан соң алдындағы папканы парақтай бастады. Із жоқ, ол көшеде жас аумақта бақылау камералары жоқтығын және үйде екі әйелдің ғана барын білген. Бұл кездейсоқ ұрылар емес. Өйткені әбден машықтанған үй тонаушылар бәрін алдын ала зерттейді. Демек жәбірленушілердің айналасын жақсылап тексеру қажет.

Есік қағылып, кезекші сержант кірді.

– Жолдас полковник, жәбірленушілер келді.

– Кіргізі!

Жанарларында үміттен гөрі үрей басым, бірі егде, екіншісі жастау екі әйел аяқтарын аңдап басып кабинетке енді. Абылай орнынан тұрып, ізет білдіріп, екеуін орындыққа емес, қабырға тұсындағы диванға жайғастырды. Бұл да психологиялық қадамдардың бірі. Жәбірленуші күдікті емес. Олар ашылып әңгіме айту үшін жағдайын жасап, іші-бауырына кіруің де маңызды. Салқын қабақ танытып сұрақ-жауап алсаң, дым да біле алмайсың. Бос уақытыңда криминалистикаға қатысты, психологияға байланысты әдебиеттерді оқып отыратын Абылай осының бәрін жақсы меңгерген. Әрі тергеушіден бастап, бөлім бастығы болғанға дейінгі өмір жолында да мыңдаған адамды сөзге тартты емес пе.

– Су ішесіңдер ме?

– Жоқ, рақмет!

– Уайымдамаңыздар! Көп уақыттарыңызды алмаймын.

– Таңертң үйге келген милиция балаға бәрін айтып қой, – деп егде әйел тезірек кетуге бейіл екенін аңғартты.

– Иә. Ол жалпы сұрақтар қойған ғой.

– Сіздер ұрланған заттарды табасыздар ма? Күн көріп отырған кәсібіміз сол ғана.

– Қазір жедел-іздістіру шаралары жүргізіліп жатыр. Табуға барымызды саламыз. Ол үшін сіздердің де көмектеріңіз маңызды.

– Біз қайдан білеміз? Өзіміз де шошып қалдық. Енді үйімізге қалай түнерімізді де білмей отырмыз.

– Камералар жоқ екенін білесіздер. Күзет компаниясымен келісімге отырып, дабыл қаққыш орнатып алмағаныңыздар ма?

– Соны ойлағам. Бірақ қаншама жылдан бері айналысып отырғасын

мән бермей жүре беріппін. Шылқыған бай болсақ бір сәрі. Қолымызды әрдайым кеш сермейтін қазақпыз ғой.

Абылай Бибижардың бейғамдығына және сөзшөңдігіне күлкісі келіп, сәл жымиған болды. Әңгіме де еркін өрби бастады.

Базарда алтын сататын Бибижар Мендіғалиева мен қызы Гүлнәр Өмірғалиева бірге тұрады екен. Анасы – 62, қызы – 34 жаста. Бибижар мен күйеуі өмірі сауда жасаған жандар болып шықты. Токсаныншы жылдары базардан көкөніс, жеміс-жидек алып көтерме бағамен саудалаған. Кейін алтынмен айналыса бастапты. Гете көшесіндегі үй де өздерінікі. Күйеуі екі жыл бұрын о дүниелік болған. Жалғыз қыздары Гүлнәр техникалық колледждің түлегі. Оқудан кейін ата-анасына көмектескен. Тұрақты жұмыс істемеген, тұрмыс құрмаған.

Туыстар, достар, көршілер туралы біраз сұрақ қойылды. Бірақ күдікке ілінетіндей ілік байқалмайды. Бәрімен алыстан араласады. Алтын сататындықтан үйді де қараусыз қалдырмаймыз. Қонақ шақырып, тойларға да бара бермейміз десті. Абылай сөзге көп араласпай отырған Гүлнәрды әңгімеге тартпақ болды. Өйткені анасының көзінше бірденені жасыруы да ғажап емес.

– Бибижар апай, мен Гүлнармен оңаша әңгімелесейін. Сосын қайтасыздар. Қажет кезде өзім барамын немесе жігіттерді жіберемін.

– Бұл не айтсын? Дымды да білмейді. Күн ұзақ телефонын шұқып, соған шүкшиып үйден де шықпайды. Құрбыларымен аралас, жас өмірінді қор қылмай отбасын құр деп талай қақсады ғой. Жалғыз қыз болғасын бетінен қақпай барамын деген шетеліне де жіберді. Үстіне қымбат деген жылтырақтың бәрін жапсырды. Көлігі де бар. Ертең мен өлсем аш қалады ғой. Қолдағы дүниені де ұқсата алмай. Телефонда басың қалғыр-ай. Бұл несің айтсын?

– Мам, қойыңызшы. Гүлнәр жүзін төмен салып, анасының сөзіне шын қысылып қалды.

Кезекшіні шақырған Абылай, әйелді күту бөлмесіне апарып жайғастыр деп тапсырды. Ол бөлмеде телевизор, жайлы диван да бар-тын. Әрі тергеушілердің кабинетіндегі сұрғылт емес, жарық, терезеден күн жақсы түсетін тұста. Бибижар шығып кетсе де сөйлеп бара жатты. Шарасыздықтан әбден қажыған сыйақылы. Абылай орындығын Гүлнәр отырған маңға таяп қойып, асықпай жайғасты.

– Үлкен кісілер сондай болады. Балаларынан әрдайым мін іздеп тұрады. Мән бермеңіз.

– Сіз де ренжімеңіз. Мамам бір сөйлесе тоқтату қиын.

– Әрине. Мен не деп ренжиін? Түсінем бәрін. Ана болғасын қызының бақытын тілейді, жиен немере сүйгісі келеді дегендей.

– Оны ойламай жүрген жоқпын.

– Отбасын құру жайын ше?

– Оны да ойлағам. Бірақ адамның бәрі бақытты бола салмайды ғой. Колледжде жүргенде бір жігіт болды. Сөз байластық. Оған сендім. Бірақ ол оқудан кейін әскерге кетіп, келген соң басқа бір қызға үйленіп алды.

– Басқа да жігіттер толып жүрген жоқ па?

– Одан кейін жігіттен көңілім қалған. Бірді-екілі адам болды. Бірақ жақпады. Жасың ұлғайған сайын қиын екен.

– Қазір сөйлесіп жүрген ешкім жоқ па еді?

– Жоқ. Әлеуметтік желі арқылы жазатындар жеткілікті. Онша мән бермеймін. Арасында ұнағандары да болды. Тіпті бір жігітпен ұзақ сөйлесіп жүрдім. Ұнатып та қалған сияқты едім. Бірақ кездесуге өзі құлық танытпады. Бертінде дейін жазды да, жоқ болып кетті. Ондайлар көп қой деп ойымнан шығаруға тырыстым. Олардың бір ғана ойы бар. Түсінетін шығарсыз?

– Иә. Қыз тағдыры оңай емес. Түсінемін қарындасым. Еңсенді түсірме!

– Түсірмеймін ғой. Өткенде үйге жөндеу жүргізген жігіттер де қылмындады. Жолатпадым.

– Қандай жөндеу жұмыстары? Абылай елең ете қалған.

– Екі ай бұрын үйдің ішін жөндеттік. Әкемің әкесінен қалған көне баспана ғой. Тіпті тозып кетті. Сосын мамама айтып, интернет арқылы екі жігітті таптық. Олар екі аптада жұмыстарын аяқтап кетті. Таңертең келіп, қас қарайғанда қайтып жүрді.

Бір іліктің табылғанын жақсылыққа жорыған Қайсенов қыздан жөндеу жүргізген жігіттердің тұр-тұлғасын, аты-жөндерін, жастарын анықтады. Анасы екеуін шығарып салған бойда сержант Құлжановқа хабарласты.

– Мақсат, жұмысқа жет! Тапсырма бар.

– Күп болады, жолдас полковник. Мен жақын маңдағы ломбардтарды аралап жүр едім.

Әрдайым жинақы, бойын тік ұстайтын, елгезек сержант көп кешікпеді. Абылай оған мән-жайды ұғындырып, жөндеу жүргізген екі жігіт жайлы толық дерек жинап әкелу қажеттігін айтты.

Мақсат кеткен соң сағатына қараса кешкі жетіден асып кетіпті. Жұмыста жігітсіз байланғанша, жәбірленушілердің үйіне соғып, амандықтарын біле кетейін деп шешті.

Гете көшесіндегі көп үй. Астана – астана болмай тұрып салынған көне аумақ. Іркес-тіркес тұрғыза берген. Қазір бұларды да ақырындап, шетінен сүре бастады. Ал тоналған үй дәл ортада орналасқандықтан, бұларды әзірге көшіре қоймайтыны анық. Пойыздар гуілі, сарт-сұрт еткен темір жол дыбысы құлаққа талып жетеді. Осы көшенің маңында шаһардың көне вокзалы бар. Келсе қақпа жабық тұр. Ол әйелдің ұялы нөміріне звондады.

– Бибижар апа, қалыңыз қалай? Мен ғой Абылай Қайсенов. Тергеу бөлімінен.

– А, айналайын, хал жақсы ма?

– Шүкір. Сіздердің үйдің алдына келіп тұрмын.

– Қазір, қазір ашады. Гүлнәр, есік аш. Бағанағы милиция жігіт кеп тұр. Үйдегі жарықтың бәрін жағып, сырттағы алқам-салқам қақпаны да мықтап жауып алған сияқты.

– Қорықпай отырсыздар ма?

– Қорықпағаны несі, інім-ау? Тамақ та ішпей зәреміз ұшып отырған жоқпыз ба?

– Несіне қорқасыздар? Бір түскен ұры екінші рет оқиға орнына жоламайды. Соны естен шығармаңыз. Енді есікті айқара ашып қойсаңыз да сіздерді айналып өтеді.

– Қайдан білейін. Әбден жүрегім шайлығып қалыпты. Кел, шай ішесің бе? Сен келгенге ұры табылды екен десем.

Мираc МҰҚАШ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПКЕРШІЛІК ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6408 дана
Апталық таралым 12816 дана

Тапсырыс №966 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31